МӘҢГІЛІК ЕЛ - ҰЛЫ МҰРАТЫМЫЗ!

Ақсу өңірі

Газет 1934 жылғы 1 қазаннан шығады

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

●№6 (10 157) ●10 ақпан ● жұма ●2023 жыл ●aksuoniri@mail.ru

СЫН ТҮЗЕЛМЕЙ - МІН ТЗЕЛМЕЙДІ

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ Б.Ө.ИСАБАЕВТЫҢ АУДАН ХАЛҚЫМЕН КЕЗДЕСУІНЕН

Қазақстан Республикасы Президентінің «Әкімдердің халықпен тұрақты кездесулерін өткізу туралы» Жарлығына сәйкес Жетісу облысының әкімі Б.Ө.Исабаевтың биылғы жылғы алғашқы кездесуі біздің Ақсу ауданынан басталды. Газетіміздің өткен санында хабарлағанымыздай кездесу алдымен аудан әкімдігінің кіші мәжіліс залында аудан тұрғындарын жеке сұрақтары бойынша қабылдаудан басталды.

Жеке қабылдауға оннан аса адам жазылып, өздерінің ойларында жүрген көкейкесті мәселелерін ортаға салды. Көтерілген мәселелердің көбісі "Жер дауы, жесір дауы" дегендей, жер мәселесіне келіп тіреледі. Соның бірі барлық әлеуметтік желіні шуылдатып, еліміздің басқа өңірлеріне дейін тарап кеткен Матайдағы шу. Осы мәселе бойынша басшылықтан екі адам жұмыстан кетсе де, мәселе мәселе болып қалған екен. Жерден басқа да мәселелер тыңдалып, қанағаттанарлық жауаптар қайтарылды. Көп мәселе сол жерде шешімін тауып та жатты.

"Қобызшы Молықбай" атындағы мәдениет үйінде өткен кездесуде облыстың 2022 жылғы даму қорытындылары мен жоспарларына қысқаша тоқталып, былтырғы кездесуде көтерген мәселелер бойынша қабылданған шаралар туралы баяндады.

- 2022 жылдың қорытындысы бойынша облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуында оң динамика қамтамасыз етілді.

Ауылшаруашылығы саласында өсім 2,4% пайызды құрады. Өнеркәсіп өндірісінің көлемі 281 млрд. теңгеге жетіп, 1,3 пайызға ұлғайды. Құрылыста 4,3 пайыз (136,4 млрд. теңге) өсімге қол жеткізілді. Облыс экономикасына 270 млрд. теңге инвестиция тартылды - деп жетістіктерден бастаған облыс басшысы - осы жетістіктерге жету барысында біздің ауданымыз ең соңғы орында тұрғанын баса айтты.

- Ауылшаруашылығы – біздің облыс үшін жетекші сала. Сондықтан оның дамуына ерекше басымдық беріледі. Қабылданған шаралардың арқасында аграрлық салада 510 млрд. теңгеге жуық өнім өндіріліп, қант қызылшасын өсіру ісін жолға қою жұмыстары атқарылды.

Жалпы өткен жылы 4,3 мың гектар алқапқа қант қызылшасы егіліп, одан 187 мың тоннадан астам тәтті түбір жиналды, - деді. Осы арада да Қант зауыты бар біздің ауданымыздың өндірген өнімін айтуға ұят екенін ашып айтты. Бұл мәселе менің өткен номерлардың бірінде "Қоғамдық кеңесте" көтерілген мәселелер туралы жазған мақаламда да айтылған еді.

Қай саланы айтпасын Ақсу ауданын бір мақтамады ғой. Ауданда біздің көзімізше қарқынды жүріп жатқан құрылыс жұмыстары да мезгілінен кешіктіріліп жатқанын айтып әбден жерге қаратты.

Жалпы аудан әкімінің өткен жылғы атқарған жұмысына көңілі толмайтындығын жеткізді. "Итің жаман" дегенде намыстанатын ел едік қой. Бұл сын аудан әкіміне ғана емес жалпы ауданға қиын тиді. Бірақ, сын түзелмей - мін түзелмейді ғой.

Облыс басшысының баяндамасы бойынша бір мақтанатын, қуанышты, жағымды жаңалық болмады. Барлық облыс бойынша атқарылып жатқан жұмыстарға көңіл аудармай біздің ауданымызға қатысты жағымды жаңалық іздеп отырдым. Соның бірі - біз жол, ауыз сумен қамту, газдандыру сияқты маңызды мәселелерді бірінші кезекке қойып отырмыз. Өйткені, бұл салалар халықтың өмір сүру сапасына, тұрмыс деңгейін жақсартуға тікелей әсер етеді.

Бұл ретте облыс өңірлерін табиғи газға қосу кезең-кезеңмен жүргізіліп жатыр, - деген жерден бастап барлығын емес бізге қатыстысын айтсам, бір көңіл марқайары - жоспар бойынша 2024 жылдың 2 жартыжылдығында «Талдықорған - Үшарал» магистралды газ құбырының құрылысын бастаймыз. Соның нәтижесінде Ақсу, Сарқан, Алакөл аудандарының 124 мың тұрғыны бар 66 елді мекені газға қосылады. Оның ішінде Ақсу ауданының 26 ауылы бар (31997 адам). Бұл бір қуаныш. Жоба құнын әзірге айтпай - ақ қояйын. Келер жылдың еншісінде тұра тұрсын. Көрініп тұрған тау алыс емес.

Нақтысы осы жобаларды жүзеге асырсақ, 2030 жылға дейін облысымыз толық газдандырылатынын білдік.

Жол мәселесі де, әсіресе, ауылдық жерлерде өзекті. Сондықтан өңірде инфрақұрылым сапасын жақсарту жұмыстарын биыл да жалғастырамыз, - деп келесі мәселеге ауысқан облыс басшысы өткен жылы 52 елді мекеннің жергілікті жолдарын жөндеуге 24,2 млрд. теңге жұмсалса, осы жылы бұл мақсатқа 29,1 млрд. теңге бөлінді. Соған сәйкес 66 елді мекеннің ішкі жолдары ретке келтіріледі екен. Біздің аудан бойынша – 4 елді мекен.

Сол сияқты 2022 жылы 6 ауылда ауыз судың сапасы жақсартылды (Ақсу ауданы, Арасан ауылының ауыз су мәселесін сұрап, жұмыстың бітіп, бірақ әлі қосылмай тұрғанын естідік.

Халықты қолжетімді баспанамен қамту жұмыстары да жүйелі жүріп жатыр. Өткен жылы 295 мың шаршы метр тұрғын үй бой көтерсе, биыл да сол қарқын сақталады, оның ішінде бюджет қаражаты есебінен - 161,9 мың, коммерциялық қаражат есебінен - 21,1 мың, ал тұрғындар тарапынан 112,9 мың шаршы метр тұрғын үй салынады.

Мұның ішінде Ақсу ауданының да құрылыс жұмыстары бар.

Әлеуметтік сала да әрдайым ерекше назарымызда. Оған облыс бюджетінің басым бөлігі бағытталып отыр. Атап айтқанда, білім беру саласына 162,8 млрд. теңге бөлінді (оның 122 млрд. теңгесі - мұғалімдердің жалақысы).

2022 жылы 6 мектеп салынып, 58 мектеп күрделі жөндеуден өтті (2,4 млрд.теңге). Осы арада Сағабүйен ауылындағы Т.Тоқтаров атындағы орта мектеп пен Сағакүрес ауылында жаңадан салынған, әлі аты берілмеген 9 жылдық мектепті айтуға болады.

Ал, денсаулық сақтау саласында өткен жылы 2 млрд. теңгеге 6 объектінің құрылысы басталып, 12 блокты-модульді медициналық пункт салынды. Бұл жерде біздің ауданымызда бар.

Жалпы облыстың даму қарқыны туралы айта келіп, сол қарқын сақталып, халықтың әл-ауқатын көтеру жұмыстары одан әрі жалғасады, - деді Бейбіт Исабаев.

(Басы. Соңы - 2 бетте.)

БАСПАСӨЗ - 2023

АҚСУ ӨҢІРІ

ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТІНЕ 2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

Ауданның тыныс - тіршілігінен құлағдар болғыңыз келсе, аудандық және ауылдық "Қазпошта" байланыс бөлімшелеріне барып жазылыңыздар.

"Ақсу өңірі" газетіне 1 жылдық жазылу бағасы - 4414 теңге, 80 тиын және жарты жылға - 2207 теңге 40 тиын.

Газет индексі: 65750

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«Ақсу өңірі» газетінің (бұдан ары қарай Газет) меншік иесі – «Ақсу өңірі газеті» ЖШС 2023 жылдың 19 наурызы күні өтетін Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі және мәслихаттар депутаттарының кезектен тыс сайлауы қарсаңында үгіт материалдарын орналастырудың шарттары, тәртібі және төлем мөлшері туралы хабарландырады.

ГАЗЕТТІҢ БАСЫЛЫМ АЛАҢЫНЫҢ МӨЛШЕРІ ЖӘНЕ ТӨЛЕМ ТӘРТІБІ

Үгіттік және ақпараттық материалдарды орналастыру үшін басылым алаңы төлемінің мөлшері: ҚҚС-ты қоса алғанда журналистік мақалалар жарияланған беттерге мақалалар мен модульдерді орналастыру үшін 1 шаршы см. төлемінің мөлшері - 200 теңге, газеттің интернет ресурсындағы (сайт) әрбір сөзіне – 50 теңге.

Төлем газет берген есепшот негізінде мұндай есепшот берілген күннен бастап 5 (бес) банк күні ішінде жүргізіледі.

Төлем газеттің басылым алаңын беру жөніндегі тиісті келісімшартта немесе есепшотта көрсетілген газеттің банктік реквизиттеріне төленеді.

Ләззат ҚАСЫМБЕКОВА,
«Ақсу өңірі» ЖШС-нің директор - бас редакторы.

АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

_____ №18 30 қаңтар 2023 жыл

Ақсу ауданы бойынша шығып қалған учаскелік комиссия мүшелері туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 19 бабының 6 тармағына сәйкес, аумақтық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1.«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңына сәйкес, учаскелік сайлау комиссия мүшелерін атқарып жүрген міндеттерінен өз еркімен өтініші бойынша келесі комиссия мүшесі босатылсын:

1) №3 учаскелік сайлау комиссиясындағы Мұқатай Ерасыл Мырзахметұлы

2) №3 учаскелік сайлау комиссиясындағы Мархабаев Баратжан Узбекович

3) №8 округтік сайлау комиссиясындағы Жұманбекова Арайлым Дулатбекқызы.

2. Осы қаулы Ақсу аудандық сайлау комиссиясының интернет-парақшасында және аудандық «Ақсу өңірі» газетінде жариялансын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы **Б.БАЙБОЛОВ.**

Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы **И.ЖҰМАГЕЛДИВЕА.**

АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

_____ №19 30 қаңтар 2023 жыл

Ақсу ауданы бойынша шығып қалғанкомиссия мүшелерінің орнына учаскелік сайлау комиссиясының мүшелерін тағайындау туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 19 бабының 8 тармағына сәйкес, аумақтық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1.«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңына сәйкес, учаскелік сайлау комиссия мүшелерінің орнына сайлау комиссиясының құрамын қалыптастыратын орган осы Конституциялық заңның 10-бабында белгіленген тәртіппен сайлау комиссиясының мүшесін сайлағанға дейін келесі сайлау комиссиясының мүшелері тағайындалсын:

1) №8 учаскелік сайлау комиссиясы бойынша Жаксылыкова Торгын Шиырбековна.

2. Осы қаулы Ақсу аудандық сайлау комиссиясының интернет-парақшасында және аудандық «Ақсу өңірі» газетінде жариялансын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы **Б.БАЙБОЛОВ.**

Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы **И.ЖҰМАГЕЛДИЕВА.**

СЫН ТҮЗЕЛМЕЙ - МІН ТЗЕЛМЕЙДІ

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ Б.Ө.ИСАБАЕВТЫҢ АУДАН ХАЛҚЫМЕН КЕЗДЕСУІНЕН

Біздің ауданымыздың өткен жылғы атқарылған жұмысын саралай келе, Ақсу ауданы - облыста ауылшаруашылығы бағытындағы өңірлерінің бірі. Әсіресе, қызылша өсіруге бейім, - деп сөзді біздің ауданға бұрды. Енді облыс басшысы Б.Исабаевтың өзін сөйлетіп алайын.

- 2023 жылы ауданда жалпы егіс алқаптары 62,2 мың гектар көлемінде межеленген, оның ішінде қант қызылшасы – 1,2 мың гектар, бұл өткен жылмен салыстырғанда 1,7 есе көп (2021 ж. - 701 га).

Десек те, былтыр қант қызылшасын егу жоспары орындалмады (жоспар – 800, орындалғаны - 235 га), яғни, жоспарланған 28 мың тоннаның орнына небәрі 5,3 мың тонна ғана өнім жиналды.

Аудан әкімі қант қызылшасы бойынша егіс жоспарының орындалуын ерекше бақылауға алып, қызылша егетін шаруашылықтардың жұмысын ұйымдастырсын және оларды тұқыммен, тыңайтқыштармен, техникамен қамтамасыз етсін.

Ақсу қант зауытын іске қосу жұмыстары жүргізілуде, 3 мың тонна көлемінде қант құрағы шикізатын жеткізуге шарт жасалды, Алажиде станциясында орналасқан 7 мың тонналық қойма дайындалды.

Қант зауытын наурыз айында іске қосып, биыл 50 мың тонна құрақ қантын шығару жоспарлануда.

Ауылшаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу саласындағы жағдай сол күйі өзгеріссіз қалып отыр. Ауданда майлы дақылдарды (34,5 мың тонна жиналды), картоп пен көкөністерді (40 мың тонна) өңдеу және сақтау кәсіпорындарын ашу жұмыстары әлі қолға алынбаған.

Ирригациялық желілер мен құрылыстарды салу бағытында 2 ірі жоба іске асырылуда.

Өткен жылы Қызылағаш суару массивінің құрылысы (жер жұмыстары) басталды, республикалық бюджеттен 7,9 млрд. теңге бөлінді. Нәтижесінде бұрын игерілмей жатқан 5,3 мың гектар суармалы жер айналымға енгізіледі.

Ислам Даму Банкі арқылы да ауданның суару желілерін қайта жаңарту жұмыстары жүргізілуде (6,3 млрд. теңге). Бүгінгі таңда жұмыстар тек 70 пайызға орындалды.

Мердігер («Томас» ЖШС) жұмыс кестесінен кешігуде, ол туралы Экология министрлігі хабардар етілді. Биыл да жұмысқа кіріспейтін болса, келісімшартты бұзамыз.

«Қазсушар» мекемесі ирригациялық желілердегі жұмыстардың барысын қатаң бақылауға алуы керек және вегетациялық кезең басталғанға дейін шаруашылықтарды суармалы сумен толық қамтамасыз етуі тиіс.

Мал шаруашылығында 42 мың бастан астам сиыр бар (облыстың 17,1%-ы), жылына орта есеппен 50 мың тонна сүт өндіріледі. Бұл ретте 150 басқа арналған небәрі 2 тауарлы сүт фермасы бар, оның біреуі тоқтап тұр ("Ащыбұлақ" ШҚ, "Түркпенова" ШҚ).

Ірі қара малдың 9 мың басқа төмендеуіне жол берілді (2021 ж. – 89,7 мың бас, 2022 ж. – 80,7 мың бас), соның салдарынан 2021 жылмен салыстырғанда ет өндіру көлемі 1019 тоннаға азайып отыр (2021 ж. – 15164 тн, 2022 ж. – 14145 тн).

Жер қатынастары саласында да түйткілді мәселелер көп. Матай ауылдық округінде жер учаскелерін беру конкурсының қорытындысы шулы резонанс туғызды. Өздеріңіз білетіндей, конкурс нәтижесіне сот тәртібімен шағым берілді.

Бұл жағдайға аудан әкімдігі тікелей кінәлі. Матай ауылдық округі бойынша соңғы 6 жылда жер конкурсы мүлдем өткізілмеген, ал аудандық жер комиссиясының құрамы Жер Кдексінің талаптарына сәйкес келмейді.

Осыған байланысты жер мәселесіне жауапты аудан әкімінің орынбасары С.Құсмолдин, аудандық жер қатынастары және ауылшаруашылығы бөлімінің басшысы Қ.Бекбатыровтар жұмыстан босатылды.

Келешекте жер заңнамасын бұзу фактілеріне жол берілмеуі қатаң қадағалануы керек.

Сонымен қатар ауданда 500 гектардан астам ауылшаруашылық жерлерді иеленіп отырған 386 адам бар. Соның ішінде 4 азаматтың иелігіндегі жер көлемі 5 мың гектардан асады («Байсерке Агро» ЖШС, Т.Досмұхамбетов – 17 мың гектар; «Күреңбел» ЖШС, С.Қарымсақов – 9,7 мың гектар; «М. Демеу.Тур» ЖШС, Н.Тілеубаев – 8,6 мың гектар; Гүлнар Далбағаеваның – 5,5 мың гектар жері бар).

Қазір сол игерілмей жатқан жерлерді қайтару жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Сондай-ақ, ауданда жайылымдарды басқару жоспары бекітілмеген.

Жоспар бекітілген жағдайда, ауыл тұрғындарының малын жайылыммен қамтамасыз етіп, халық мұқтажын қанағаттандыруға болар еді.

Облыс әкімінің орынбасары Ә.Ә.Жақанбаевқа, ауылшаруашылығы басқармасына аудан әкімімен бірлесіп:

ауданның ауыл шаруашылығы саласын оңалтып, жаңа қайта өңдеу өндірістерін ашу, инвестициялар тартуда бірлескен қадамдық іс-қимыл алгоритмін әзірлеуді тапсырамын.

ҚР Жер кодексінің талаптарын сақтау бойынша аудандық жер комиссиясының мүшелерін оқытуды ұйымдастыру керек.

2022 жылы өнеркәсіп өндірісінің көлемі 47 пайызға төмендеп (НКИ-52,6%), 3,5 млрд. теңгені құрады. Бұл жағынан аудан облыстағы 10-шы, яғни ең соңғы орында (барлығы 12 өнеркәсіп орны бар).

Өнеркәсіп өнімі көлемінің төмендеуіне негізінен Қант зауыты жұмысының тоқтағаны айтарлықтай әсер етті, оның үлесі шамамен 40 пайызды құрайды.

Зауыт наурыз айында іске қосылуы тиіс, 550 адам жұмыспен қамтамасыз етіліп, өнеркәсіптік саласындағы жағдай түзеледі деп ойлаймын.

Инвестиция тарту бойынша аудан облыста 3,9% үлесімен 7-ші орында. Өткен жылы 10,6 млрд. теңге қаражат тартылды, бұл 2021 жылға қарағанда 31 пайызға аз (НКИ - 69,2%).

Өткен жылы агроөнеркәсіп кешені саласында 4 жоба қолға алынды. Барлығы 429 млн.теңге инвестиция тартылып, 23 жұмыс орны ашылды («Ырысбай» - өсімдік шаруашылығы, «Азамат» - 200 бас ІҚМ алаңын бордақылау, «Мұрат» - ет-сүт бағытындағы шаруашылық және «Әлібаева» ШҚ - құрама жем зауытының құрылысы).

2023 жылы 7,5 млрд. теңгеге 152 жұмыс орнын құратын 13 жобаны іске асыру көзделген (агроөнеркәсіп кешені саласында – 11, өңдеу өнеркәсібінде – 2).

Оның ішінде «Alatau Eco Beef» компаниясының 800 басқа арналған бордақылау алаңын ашу жобасы бар. 652 млн. теңге инвестиция тартылып, 20 жұмыс орны ашылады деп жоспарлануда (2021-2023 жж.).

Өздеріңіз көріп отырғандай, ауданда тек ауылшаруашылық саласына ғана инвестиция тартылған.

Жалпы Ақсу ауданында 3,6 мың бизнес субъектісі бар, онда 5 мыннан астам адам жұмыспен қамтылған (облыста – 97,3 мың адам).

2022 жылы олардан бюджетке 709 млн. теңге түскен, бұл 2021 жылдан 21 пайызға төмен (2021 ж. - 896,0 млн. теңге).

2022 жылы Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде 200 млн. теңгеге 18 жоба қаржыландырылды.

Облыс әкімінің орынбасары Ж.Ш.Тұяқовқа, кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасына аудан әкімімен және «Атамекен» палатасымен бірлесіп, ауданның өнеркәсіп секторындағы және кәсіпкерліктегі істердің нақты жай-күйін зерделеуді, өндіріс көлемінің төмендеу себептерін анықтауды тапсырамын. Жағдайды тұрақтандыру, оның ішінде бизнесті мемлекеттік қолдаудың тетіктерін қолдана отырып шұғыл шаралар қабылдау қажет.

Тұрғын үймен қамтамасыз ету бойынша да ауданда тиісті шаралар қабылданбаған, кезекте тұрғандардың саны жылдан жылға артып келеді. 2021 жылы кезекте 725 адам болса, 2022 жылы – 791, осы жылы 812 адам болды.

2022 жылы тұрғын үй кезегі жылжыған жоқ. Себебі, Жансүгіров ауылында 50 пәтерлік үйдің құрылысы аяқталмады.

Бұл үй 2021 жылдың қараша айында салына басталған. Келісімшарт бойынша 7 ай ішінде бітіруі керек еді. Алайда, мердігер сметалық құнына түзетулер енгізіп, 2022 жылдың маусым айында ғана құрылысқа кіріскен («Ритм Строй ЭК» ЖШС).

Қыс мезгілінде жұмыстар қайта тоқтап, нысанды өткізу мерзімі наурыздан мамырға ауыстырылды (дайындық деңгейі - 70%, құны - 883,1 млн. теңге, игерілгені - 721,7 млн. теңге).

Сонымен қатар осы жылдың тамыз айында Жансүгіров ауылында 10 жалдамалы тұрғын үй пайдалануға беріледі деп жоспарлануда (1781 ш.м.).

Қазіргі уақытта үйлердің, инженерлік-коммуникациялық желілердің құрылысы мен абаттандыру жұмыстары жүргізілуде, дайындық деңгейі - 45 пайыз (118,9 млн.теңге).

Сондай-ақ, Жансүгіров және Қапал ауылдарының әрқайсысында 20 тұрғын үйдің құрылыстарына жобалық-сметалық құжаттама әзірленді (тиісінше 6,3 млн. теңге және 8,8 млн. теңге), құрылыс-монтаждау жұмыстары 2024 жылы басталады.

Өткен жылы Қызылағаш ауылында жеке тұрғын үй құрылысына арналған 30 гектар жерге инженерлік-коммуникациялық желілер тартылып, пайдалануға берілді (су, электрмен жабдықтау). Ол үшін бюджеттен 202 млн. теңге бөлінді.

Облыс әкімінің орынбасары Ә.Ә.Жақанбаев, құрылыс басқармасы аудан әкімдігімен бірлесіп, аталған үйлердің құрылысына бақылауды күшейтсін, уақытылы тапсырылсын, мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде тұрғын үймен қамту жөніндегі жұмысты жандандырсын.

Халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету жұмыстары аудан көлемінде ары қарай да жалғасады.

Бүгінде Арасан ауылында ұзындығы 18 шақырым сумен жабдықтау желілерінің құрылысы аяқталды, ауыз судың сапасы жақсарды.

Аудан жолдарының жағдайын жақсарту үшін осы жылы жөндеуге және күтіп-ұстауға 4,7 млрд. теңге бөлінді. Соның нәтижесінде облыстық маңызы бар 49 шақырым автомобиль жолдары және 4 елді мекенде 11 шақырым кентішілік жолдар жөнделеді (Б. Сырттанов, Еңбек, Қарашілік, Есеболатов ауылдары).

Облыс әкімінің орынбасары Ж.Ш.Тұяқовқа, энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармаларының басшыларына аудан әкімімен бірлесіп, ауданның инженерлік инфрақұрылымы құрылысының сапасын ерекше бақылауға алуды тапсырамын.

Білім беру саласында өткен жылы Сағабүйен ауылында Тоқтаров атындағы орта мектепке күрделі жөндеу жүргізілді (302 млн. теңгеге). Нысан қолданысқа беріліп, осы жылдың қаңтар айынан балалар оқып жатыр. Мектеп ауласын абаттандыру жұмыстары көктемде бітеді.

Ал Сағакүрес ауылында шағын орталығы бар 120 орындық мектептің құрылысы аяқталып, 2023 жылғы 1 наурызға дейін іске қосылады деп күтілуде (956,6 млн. теңге, дайындық деңгейі - 96%).

Денсаулық сақтау саласында өткен жылы Сағабүйен ауылында бір ауысымда 25 келушіге арналған дәрігерлік амбулатория ашылды (183 млн. теңге), сондай-ақ Көкөзек ауылында блокты-модульдік медициналық пункт тұрғызылады.

Биылғы жылы наурыз айының соңына дейін Алтынарық ауылында медициналық пунктті іске қосу жоспарланған (120,7 млн. теңге, дайындық деңгейі - 70%).

Сонымен қатар биыл Құрақсу, Ойтоған және Кеңғарын ауылдарында блокты-модульдік медициналық пункттері орнатылады. Ол үшін бюджеттен 150 млн. теңге бөлінді.

Сондай-ақ, «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 2023-2024 жылдары Көкжайдақ, Қаракөз, Жаңалық ауылдарында 3 фельдшерлік-акушерлік пункт және Ащыбұлақ ауылында медициналық пункт салынады.

Ауданда кадр тапшылығы 10 дәрігерді құрайды (акушер - гинеколог - 3, ЛОР - 2, педиатр - 1, неонатолог - 1, жалпы практика дәрігері – 1, офтальмолог - 1, кардиолог - 1).

Мәдениет саласында биыл Ақсу ауылындағы мәдениет үйінің күрделі жөндеу жұмыстары аяқталады (құны - 335 млн. теңге, дайындық дәрежесі - 60%).

Облыс әкімінің орынбасары Рустам Али, тиісті басқармалардың басшылары аудан әкімімен бірлесіп:

әлеуметтік объектілерді жөндеуді уақытылы және сапалы аяқтауды қамтамасыз етсін;

дәрігерлер тапшылығы мәселесін шешуі керек - деді.

Сөз соңында 2022 жылдың қазан айындағы кездесуде Ақсу ауданының тұрғындары көтерген проблемалық мәселелер бойынша атқарылған шараларға келсек, бүгінгі күні 15 сұрақтың 12-сі шешімін тапты, 3 мәселе бойынша жұмыстар жалғасуда.

Тұрғындар көтерген мәселелердің басым бөлігі әлеуметтік нысандардың жағдайы мен жол сапасына қатысты болды (70%).

Көшкентал мен Көлтабан ауылдарына жаңа мектептер салу, мәдениет үйін күрделі жөндеуден өткізу бойынша өтініш-тілектер айтылған еді.

Осы мәселелерге байланысты біз Көшкенталға 180 орындық (1,9 млрд. теңге), Көлтабанға 120 орындық (1,2 млрд. теңге) шағын орталықтары бар жаңа мектептер саламыз.

Құрылыс жұмыстарының жалпы құны 3,1 млрд. теңге, қазіргі уақытта оның 1,1 млрд. теңгесі бөлінді. Конкурстық рәсімдері жүргізілуде, құрылыс жұмыстары биыл басталып, келесі жылы аяқталады деп жоспарлап отырмыз.

Жалпы аудан бойынша 12 мектеп бейімделген ғимараттарда орналасқан (Көшкентал, Көлтабан, Молалы, Алажиде, Қызылқайың, Сағакүрес, Қызылағаш (№3 бөлімшесі), Баласаз, Қызылжар, Энергетик, Шолақөзек, Ақтөбе ауылдары).

Облыс бойынша биылғы жылы бейімделген мектептердің орнына 3 мектеп салынса (Көшкентал, Көлтабан, Сағакүрес), соның екеуі Көшкентал ауылдық округінде бой көтереді.

Сондай-ақ, Жансүгіров ауылындағы 1976 жылы салынған Ж.Сыдықов атындағы орта мектептің күрделі жөндеуіне биыл бюджеттен 886 млн. теңге бөлінді. Осы жылы жөндеу жұмыстары жасалады (шатырларды, есіктерді, терезелерді, жылу жүйелерін, линолеумды ауыстыру, қабырғаларды, электр және өрт желілерін демонтаждау және орнату).

Көшкенталдағы мәдениет үйін жөндеу жұмыстары «Ауыл - ел бесігі» жобасының аясында жүргізіледі. 323 млн. теңге бөлініп, конкурстық рәсімдер өтуде. Аталған жұмыстар биылғы жылдың соңына дейін аяқталады.

Естеріңізде болса, өткен жылғы кездесуде мен халықты қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету мақсатында жоспарланған үйлерден бөлек, тағы бір 60 пәтерлік үйдің құрылысына қаржы қарастыру туралы тапсырма бергенмін.

Жансүгіров ауылындағы арнайы белгіленген жерге (0,5 га) мемлекеттік сараптамадан өткен дайын жобаны байланыстыру үшін 8,7 млн. теңге бөлінді.

Биылғы жылы үйдің құрылысын бастауға 600 млн. теңге қарастырылып, конкурстық рәсімдер өтуде (жалпы құны – 1,2 млрд теңге). Сыртқы инженерлік-коммуникациялық желілерді салудың және абаттандырудың жобалық-сметалық құжаттамаларын әзірлеуге бастапқы кезеңде 5 млн. теңге бөлінді.

Құрылыс жұмыстары келесі жылы аяқталып, 60 отбасы баспаналы болады.

Тұрғындарды толғандыратын сұрақтардың бірі – ауыл аралық қатынас жолдарының тозуы.

Өткен кездесуде көтерілген «Алматы – Өскемен» - «Қапал - Арасан санаторийі» кірме автомобиль жолын жөндеуге биылғы жылы 500 млн. теңге бөлінді. Бұл жалпы құны 1,5 млрд. теңге болатын жобаның құрылысы келесі жылдың қараша айында аяқталады.

Сондай-ақ, Жансүгіров – Суықсай арасындағы жолға 695 млн. теңге, Суықсай - Ащыбұлақ ауылдары арасындағы жолға 491 млн. теңге бөлініп, тендерлік рәсімдер жүргізілуде (2022 жылғы 30 желтоқсанда жарияланды).

Жолдарды орташа жөндеу жұмыстары сәуір айында басталып, күзде аяқталады.

Молалы айналмалы жолынан Молалы ауылына дейінгі 27 шақырымды, «Ақсу-Жаңалық» жолының 23 шақырымын жөндеудің жобалау-сметалық құжаттамаларын аяқтауға биыл 1,5 млн. теңгеден бөлінді.

Наурыз айында қорытындысы шығып, құрылыс-монтаждау жұмыстарына тапсырыс беріледі, тамыз айында басталып, келесі жылдың соңына дейін бітеді. Жобалардың құны шамамен 2 млрд. теңгеден асады.

Қапал ауылының тұрғындары тарапынан да бірнеше мәселе көтерілген болатын.

Онда бау-бақша суаруға арналған ішкі арық желілерін тартып беруді сұраған еді. Осыған байланысты жобалық-сметалық құжаттама әзірлеуге биыл 7,6 млн. теңге бөлініп, 2 ақпан күні мемлекеттік сатып алу конкурсы жарияланды. Желі құрылысы келесі жылы басталады.

Тағы бір мәселе – ауылда мал жайылымының жетіспеушілігі. Осыған байланысты Қапал ауылдық округіне қарасты 350 га жайылымдық жерге қосымша 400 га жайылымды шаруа қожалықтары өз еркімен аудан қорына тапсырып жатыр («Сұлтан», «Әбеуов», «Ырысгүл» ШҚ).

Қалған екі мәселе бойынша жұмыс жалғасуда.

Атап айтқанда, Ақын Сараның есімін Талдықорғандағы өнер мектебіне беру туралы ұсыныс айтқан едіңіздер. Өткен жылдың қараша айында Республикалық ономастика комиссиясына ұсыныс берілді, мәселе үш ай ішінде шешілді.

Биыл Сара Тастанбекқызының 170 жылдығы, осыған орай бірқатар мәдени шараларды ұйымдастыру жоспарланып отыр. Поэзия кештері, сурет көрмелері, театрландырылған қойылым мен республикалық ақындар айтысы өтеді.

Екінші мәселе Қарашілік, Арасан ауылдық округтеріне су қоймаларын салу болатын.

бағытта қосымша су ресурстарын жинақтау үшін Бүйен су қоймасының (22 млн. текше метр,) техникалық - экономикалық негіздемесін аяқтауға жергілікті бюджеттен 15,3 млн. теңге бөлінді (2022 ж. – 10 млн. теңге).

Шілде айында сараптаманың оң қорытындысы алынғаннан кейін жобалау-сметалық құжаттаманы дайындауға бюджеттік өтінім беріледі.

Бұл жоба 5,3 мың га суармалы жерлерді айналымға енгізуге мүмкіндік туғызады.

Аудан әкімдігі тиісті облыстық басқармалармен бірлесіп аталған мәселелер бойынша жұмысты жалғастырып, орындалуын қамтамасыз етсін.

Баяндама аяқталған соң, жиынға қатысушылар сұрақтарын қойып, қанағаттанарлық жауаптар алды. Соның ішінде көңілге қонымды ең жақсы өтініш Жансүгіров ауылдық округінің ардагерлер кеңесінің төрағасы Тойлыбай ақсақалдың ауданға "ҚазМұнайГаз" жанар май бекетін салу және төрт жылға созылып, әлі аяқталмай тұрған орталық саябақ пен балалар шомылатын бассейнді абаттандыру жұмыстарына бөлінген қомақты қаржыны қайтарту немесе жұмысты соңына дейін жеткізу мәселесі болды.

Ербол СЫМХАНОВ.

МЕДИАЦИЯ – ҚАЗАҚТЫҢ БІТІМГЕРШІЛІК ЖОЛЫНЫҢ ЖАЛҒАСЫ!

«Медиация» сөзі латын тілінен аударғанды «делдал», «екі тарапты мәмілеге келтіруші үшінші тұлға» деген мағынаны білдіреді. Медиация – біздің ата - бабаларымыз қазақ елінің дәстүрлі құқығының негізінде мыңдаған жылдар бойы ұстанып келе жатқан бітімгершілік жолы деп түсіне білуіміз керек. Медиация деген заманның талаптарына сай жаңартылған жаңа атауы болмаса, қазақтың өзінің тарихында бар дауды шешу жолы.

Жалпы медиация – дауласушы екі тарап арасындағы келіспеушілікті қарап, заңды түрде бір келісімге келуге кәсіби тұрғыда жол-жоба көрсетіп, мүмкіндігінше екі жаққа тиімді мәмілеге келуге қол жеткізуді көздейді. Медиаторлар жеке және заңды тұлғалардың азаматтық, еңбек, отбасылық және басқа да қатынастарына, сондай-ақ қылмыстық істер бойынша медиация рәсімін жүргізе алады.

Батыс елдерінде даудамайдың 97 пайызы сотқа дейін, яғни медиациялық жолмен шешілетін көрінеді. Медиацияның бір артықшылығы, ол тараптардың көп уақытын алмауға бағытталған. Тіпті екі жақ 2-3 сағат ішінде бір келісімге келетін жағдайлар да болады. Ал соттасқан жағдайда бірнеше ай уақытын сарп еткен болар еді.

Қазақтың ұлы ақыны Абай өзінің үшінші қара сөзінде: «Би екеу болса, дау төртеу болады. Оның мәнісі – тақ болмаса, жұп билер таласып, дау көбейте береді деген сөз. Өйтіп би көбейткенше, әрбір болыс елден толымды - білімді үш-ақ кісі билікке сайланса. Ол билерге даугер адамдар қалмай, екеуі екі кісіні билікке таңдап алып, үстіне біреуді посредникке сайлап алып, біте берсе; егер оған да ынтымақтаса алмаса, бағанағы үш бидің біреуін алып, екі жеребемен сайлап алып жүгінсе, сонда дау ұзамай бітім болар еді», – депті.

Медиация - қазақ халқының ұлттық болмысына ең жақын ұғым десек қате айтпаймыз. Түрмесі болмағын, түрме деген түсінігі болмаған, елдің ала жібін аттамаған, іргесі берік қазақ қоғамында небір даулы мәселелерді екі ауыз сөзбен шешкен дуалы ауыз билер болғанын тарихтан жақсы білеміз. Қазақ халқы үшін бітімгершілік – билік айтудың ең озық өнегесі. Ұлы қазақ даласының билігінің белгілі дара тұлғалары –Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билер бастаған дана билердің ел арасындағы кез келген дауды бітімгершілік жолымен шешіп, халқымыздың бірлігін, ауызбіршілігін, тұтастығын сақтауға үлкен назар аударғаны баршамызға белгілі. Медиация туралы заңымыздың аты бөлек болғанымен қазақ халқы үшін жат дүние емес. Халқымыздың дарабоз билерінің дәстүрлі билік жүргізу тәсілінің заңды жалғасы деп түсінгеніміз абзал. Ендеше, сот жүйесінде бітімгерлік тәсілін қолдану – қазақ халқының бүкіл әлемге үлгі етерлік шешендігі мен көсемдігін жаңғыртуға жасалған игі қадам деп танимыз.

Н.ЖАЗЫЛБЕКОВА,
аудандық соттың
бас маманы.

«Сарыарқа» заң кеңесшілерінің құқықтық орталығы» қоғамдық бірлестігі «Халық тану» Халықаралық қоғамдық сыйлығын тапсыру бойынша конкурстың басталғанын хабарлайды

«Халық таңу» Халықаралық қоғамдық сыйлығы (бұдан әрі – ХҚС) Қазақстан Республикасының Орталық Азиядағы көшбасшылық рөлін күшейту және әлемдік экономикадағы позициясын бекіту, ел халқының үздік мамандар мен заңды тұлғаларды, Қазақстан Республикасындағыдай барлық салалық бағыттарды, сондай-ақ белсенді қатысатын немесе қатысуды жоспарлап отырған басқа елдердің заңды тұлғаларын анықтау және тану мақсатында беріледі біздің мемлекетіміздің экономикасын дамытуда. ХЕҰ үздік мамандарға, кәсіпорындардың басшыларына – экономиканың жеке, мемлекеттік және қоғамдық секторына, үздіктерді іріктеу жолымен, ұйымдастырушының сайтында халықтық дауыс беру арқылы беріледі.

ХҚС – бұл ең жақсы мамандар мен табысты кәсіпорындарды бөліп көрсету мүмкіндігі.

«Халық тану» - бұл жай ғана халық наградасы емес. Бұл ел экономикасына тартылған мамандар мен кәсіпорындарды одан да жақсы және кәсіби жұмыс істеуге ынталандыру, басқаларды алға жылжуға ынталандыру.

ХҚС 3 НОМИНАЦИЯ БОЙЫНША БЕРІЛЕДІ:

"Кәсіпқойлар" - Қазақстан мен шет елдер экономикасының барлық салаларындағы мемлекеттік органдардың, коммерциялық және қоғамдық ұйымдардың үздік мамандары, қатысу құны - 50 000 теңге;

«Ашықтық және тұрақтылық» - Қазақстан мен шет елдер экономикасының барлық салаларындағы мемлекеттік органдардың, коммерциялық және қоғамдық ұйымдардың үздік ұйымдары мен кәсіпорындары, кәсіпкерлер үшін қатысу құны – 100 000 теңге, құрамында 50 қызметкерге дейінгі заңды тұлғалар үшін – 200 000 теңге, құрамында 50 қызметкерден жоғары заңды тұлғалар үшін – 300 000 теңге;

"Қазақстанның құрметті азаматы" – ҚР батырлары-ержүрек, асыл, игі істер жасаған, бізбен бірге болмаған адамдар, бірақ олардың ел дамуына қосқан үлесін ұйымдастырушының есебінен асыра бағалау мүмкін емес.

ХҚС-ға қатысуға өтінімдер енгізілуі мүмкін:

- өзін-өзі ұсынған жеке тұлғалар;
- мемлекеттік, қоғамдық және коммерциялық мекемелер мен кәсіпорындар.

ХЕҰ өткізудің негізгі кезеңдері мен мерзімдері:

Бірінші кезең - "Республикалық", 2023 жылғы 01 ақпаннан 31 наурызға дейін – еліміздің облыстары бойынша "Үздіктерге" халықтық дауыс беру.

Екінші кезең - "Халықаралық", 2023 жылғы 03 сәуірден 26 мамырға дейін-халықаралық деңгейдегі "үздіктерге" халықтық дауыс беру.

ҚР облыстары бойынша бірінші кезеңге қатысуға өтінімдерді қабылдау (кандидаттарды ұсыну).

Қабылдау мерзімі 2023 жылғы 20 қаңтардан 30 наурызға дейін.

Өтінім парағын алу үшін Instagram-да ХҚС ұйымдастырушысы: @pomog_vsem_kz жазылу қажет және сол жерде өтінім парағына сұраныс қалдырыңыз.

Халықаралық деңгейдегі екінші кезеңге қатысуға өтінімдерді қабылдау (кандидаттарды ұсыну).

Қабылдау мерзімі 2023 жылғы 01 наурыздан 25 мамырға дейін.

ХЕҰ-ның толық ақпаратымен және ережесімен ұйымдастырушының сайтында танысуға болады: www.pomogvsem.kz "Халық таңу" бөлімінде.

«ХАЛЫҚ ТАНУ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІ.

Электр желілеріне қосылу үшін техникалық шарттарды алу

Энергия өндіруші, энергия беруші, энергиямен жабдықтаушы ұйымдар мен электр энергиясының көтерме және бөлшек нарықтағы тұтынушылар арасында туындайтын қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен және Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы заңнамамен реттеледі.

2015 жылғы 25 ақпандағы №143 Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің бұйрығымен бекітілген Электр энергиясын пайдалану қағидаларының (бұдан әрі — Қағидалар) 3-қосымшасына сәйкес, электр желілеріне қосылу үшін еркін нысандағы өтініш пен сауалнаманың негізінде тұтынушыларға электр желілеріне қосылуға арналған техникалық шарттар беріледі. Жаңадан қосылған немесе қалпына келтіруге болатын электр қондырғыларға энергия өндіруші немесе энергия беруші ұйымдар техникалық шартты тұтынушыдан өтінішті алған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде береді.

Сонымен бірге Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2020 жылғы 6 ақпандағы №43 бұйрығымен бекітілген Қағидаларға түзетулер енгізілуіне байланысты энергетикалық кәсіпорындар техникалық шартпен бірге тұтынушыларға электр желілерінің балансы шекарасын анықтау мен тараптардың қол қойған пайдалану жауапкершілігі актісін қосылу схемасымен қоса береді. Құрылыс мерзімінде салынып жатқан объектілерді электрмен жабдықтау үшін тұтынушыларға уақытша техникалық шарттар беріледі.

Техникалық шарттарды беру энергия беруші ұйымның электр желілеріне немесе энергия өндіруші ұйымның электр қондырғыларына қосылудың техникалық мүмкіндігі болған жағдайда жүзеге асырылады.

Техникалық шарттарды беру және қайта ресімдеу үшін ақы алынбайды.

Техникалық шарттарда көрсетілген талаптармен келіспеген жағдайда тұтынушы тәуелсіз энергетикалық сараптама жүргізу үшін сараптама ұйымымен байланыса алады. Техникалық шарттарда көрсетілген талаптардың негізсіздігі туралы энергетикалық сараптаманың қорытындысы негізінде тұтынушы энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымға еркін нысандағы өтінішті қайта жібереді.

Техникалық шарттарда көрсетілген талаптарды өзгертуден екінші рет бас тартқан жағдайда тұтынушы Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымның әрекеттеріне шағымданады.

Тұтынушылардың электр желілеріне қосылуды жоспарлап отырған қосалқы тұтынушылар техникалық шарттарды тұтынушылардан (электр желілерінің иелерінен) алады және оларды тұтынушыға техникалық шарттар берген энергия беруші (энергия өндіруші) ұйыммен келіседі. Тұтынушымен (электр желілерінің иелерімен) келісім бойынша энергия тұтынушы немесе энергия өндіруші ұйым қосалқы тұтынушыларға техникалық шарттар беруге рұқсат етіледі.

Барлық мәселелер бойынша тұтынушылар Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау Комитетінің Жетісу облысы бойынша аумақтық департаментіне Талдықорған қаласы, Болашақ көшесі 1, 201 - кабинет мекен-жайы бойынша немесе +7 (7282) 41-87-33; +7 (7282) 41-87-32 телефонына жүгіне алады.

2023 ЖЫЛҒЫ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ТЕХНИКАЛАРЫНА ЖЫЛ САЙЫНҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНИКАЛЫҚ БАЙҚАУ ӨТКІЗУ

Ақсу ауданы бойынша тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылысы машиналарымен механизмдерін,жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жыл сайынғы мемлекеттік техникалық байқау төмендегі кесте бойынша жүргізіледі.

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР МАШИНАЛАРДЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНИКАЛЫҚ БАЙҚАУДАН ӨТКІЗУГЕ МЫНАДАЙ ҚҰЖАТТАРДЫ ҰСЫНАДЫ:

заңды тұлға (не оның оның сенімхат бойынша өкілі)

1) Өтініш (көрсетілген нысан бойынша)
2) Теңгерімде тұрған машиналардың тізімі (маркасы, моделі, заводық нөмірі,мемлекеттік нөмір белгісін көрсетіп)
3) Машинаға тіркеу құжаты (техпаспорт)

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР МЫНАДАЙ ҚҰЖАТТАРДЫ ҰСЫНАДЫ:

жеке тұлға (не оның оның сенімхат бойынша өкілі)

1) Өтініш (көрсетілген нысан бойынша)
2) Машинаға тіркеу құжаты (техпаспорт)

№	Округтер атауы	Жауапты қызметкердің аты-жөні	Қызмет телефон нөмірі	Өткізілетін мерзімі
1	Есеболатов	Нурахметов Б.Т.	2-93-59	14.02.2023 сағ. 09-11
2	Қарасу	Баймади О.	2-93-30	14.02.2023 сағ. 14-17
3	Б.Сырттанов	Байжуманов С.	50-1-94	17.02.2023 сағ. 09-11
3	Қарашілік	Какимбаев Н.	5-01-01	17.02.2023 сағ.14-17
4	Қызылағаш	Самихов А.	28-0-08	21.02.2023 сағ. 09-12
5	Қарақөз	Көпельбаев Д.	2-93-83	24.02.2023 сағ. 09-11
7	Жаңалық	Мусанов Б.	2-71-86	28.02.2023 сағ. 09-11
8	Ақсу	Байжұманов С.	24-1-06	28.02.2023 сағ. 14-16
9	Ойтоған	Берикова В.Б	27-0-50	01.03.2023 сағ. 09-11
10	Қапал	Жарас Ұ.	3-12-50	11.03.2023 сағ. 09-11
11	Көшкентал	Алдабергенов О.	5-10-60	11.03.2023 сағ. 14-16
12	Арасан	Жакупов Д.	30-1-24	14.03.2023 сағ. 09-11
13	Суықсай	Конуров К.	5-20-40	14.03.2023 сағ. 16-17
14	Молалы	Даутбеков С.	2-81-22	18.03.2023 сағ. 09-11
15	Матай	Мусанова М.	2-34-87	21.03.2023 сағ. 10-12
16	Егінсу	Крыкбаев Д.	2-81-77	21.03.2023 сағ. 15-17
17	Жансүгіров	Мусабаланов И.	2-25-50	25.03.2023 сағ. 09-11

Жоғарыда аталған округтердің әкімдері және ұжым жетекшілері, Үкімет тарапынан көрсетіліп отырған жеңілдікті пайдалану үшін ұйымдастыру жұмыстарын жоғары сапада жүргізу ескертіледі.

Қ,ТЛЕУБАЕВ,
«Ақсу ауданының ауылшаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» ММ-нің мемлекеттік қызмет көрсету кезінде техникалық жұмыстарын жүргізу маманы.

ҰСТАЗ ЖОЛЫ – ҰЛЫ ЖОЛ

ҚАЗЫНАҒА ТОЛЫ ҒҰМЫР

Ұстаз – ұлағатты есім. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім – тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт – бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор. Ұстаз – шәкірт алдында сыйлы адам. Ұстаз жайлы айтылар сыр да, жыр да көп.

Жуырда ауданымыздағы Қаныш Сәтбаев атындағы орта мектеп – гимназиясының бастауыш сынып ұжымы ұлағатты ұстаз Гүлбаршын Сүлейменқызының еңбектерімен таныстыра отырып, ұстаз туралы мол мағлұмат берді.

Мақсаты – оқушыларды ұстазды құрметтеуге, сыйлауға үйрету. Ұстаз мамандығының қырымен сырларын түсіндіру, ұстаз еңбегін әрқашан бағалай білуге тәрбиелеу болатын. «Әліппе» әні орындалып тұрды.

Құйылады жыр-ағын,
Көптен дара пырағым.
Құтты болсын мерекең,

Заңғар тұлға, мұғалім, - деген өлең шумақтары қонағымыз Қаныш Сәтбаев атындағы орта мектеп-гимназиясының ардагер ұстазы Молдабаева Гүлбаршын Сүлейменқызына арналды. Осындай ұлы тұлға, ардагер ұстазбен кездесу кешін ашық деп жариялайды

Гимн «Қаныш ата» 2 «Ә» сынып оқушылары

Мерекелік шараға келген құрметті қонақтар Бегімбек Сейпүлмәлікұлы, Күләйхан Тұрсынбекқызы, Нұрбол Қаметқалиұлы, Амантай Айтбайұлы, Салтанат Айтқожақызы, Жадыра Абуғалиқызы, Самал Серікқызы, Берлібек Рысбекұлы, Ләззат Қалмұхамбетқызы, ардақты ұстаздар - Закира Нұрышқызы, Салтанат Мұнарбекқызы, Күләш Білісбекқызы, Жахан Исақызы, Дариға Итжанқызы, Жамалхан Тәңірбергенқызы, Күләш Абдрахманқызы, Рая Жұмаділқызы, Орал Заитқызы, Қарлығаш Қазиқызы, Сапар Есбалақызы, Раушан Тұрсынбайқызы, Қарлығаш Әбілқызы құрметпен қарсы ала отырып, білім беру саласындағы ұзақ жылғы жемісті еңбектері және жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеп еңбегінің зейнетін көріп отырған ардагер ұстаздарымызға қошемет көрсетті.

Алғашқы кезекте мектеп директоры Жұмаханов Бекболат Жұмаханұлы мен директордың орынбасары Қасенова Гүлмира Тынышбекқызына беріліп, ұлағатты ұстаз Гүлбаршын апайға ақ орамал мен камзол кигізді.

Ісім оңсын десеңіз,
Сол істің маманы болыңыз.
Даңқың шықсын десеңіз,
Көпшіліктің адамы болыңыз, — деп Әл-Фараби атамыз айтқандай, өз ісінің маманы бола білген осы шараның қонағы — ардагер ұстазымыз Гүлбаршын Сүлейменқызы осы мектепте 45 жыл еңбек етіп, еңбегі сіңген, ұстаздардың ұстазы, «Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі», Аға мұғалім. Ия, бұл ұстаз мектепте бірталай жылдар бойы қызмет жасай отырып, шәкірттеріне талай биік шыңдарды бағындырта білді.

Балдырғандар, бал бесігім тілің бал,
Ата-баба өсиетін ұғып ал,
Өнегесі ұл-қызы боп елімнің,

Әдет-ғұрып, салт-дәстүрді біліп ал, - деген өлең жолдарымен басталатын Гүлбаршын Сүлейменқызының «Жыл мезгілдері», «Әдет-ғұрып», «салт-дәстүр» туралы өлең-жырлар атты кітабы жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беруде көмегі бар әдістемелік құрал болып табылады. Тұсау кесу жыры, төрт түлік мал, жаңылтпаштар мен мазақтамалар, айтыс түрлері оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға, өзіндік көзқарасын қалыптастыруға, табиғат таңғажайыптары туралы ой-өрісін, қызығушылығын арттыратыны сөзсіз.

Салтанатты мерекелік кеште орындалар ән де, өлең де, тамашалайтын сахналық көріністердің авторы – ұлағатты ұстаз, білікті, білімді маман, ардагер ұстаз Гүлбаршын Сүлейменқызы табиғаттың тума дарындылығымен, тыңбас еңбектің арқасында апайымыздың «Сегіз қырлы, бір сырлы» тұлға екенін дәлелдейді.

Қуанышы елімнің
Жарқын жүзді бүлдіршін.
Ең жақсысын өмірдің,

Жинап келем сен үшін, - деп жырлаған ақын ұстаздың «Ару елім Ақсуым» өлең жолдары назарға ұсынылды. Ел мүддесін бәрінен биік қоятын, өзінен кейінгі ізіне ерген ұстаздарға ізеттігін аямайтын, ізінен ерген ұрпағына ұлылығын ұялатып, бір қауымға бас-көз бола білген ардагер апайымыздың орны ерекше. Ұстаздың салған сара жолы – ұстаз жолы – ұлы жол. Өткен өмір жолдарына көз жіберіп, еске ала отырып «Шымшыма театрына 23 жыл» атты ұстаз шығармашылығына көз жүгірттік. Ұстаздарға және оқушыларға Сүлейменова Гүлбаршын Сүлейменқызының шығармашылығынан бастауыш сынып оқушылары дайындаған сахналық көріністерін тамашаладық.

Жер бетінде қанша ұлт болса, сонша ұлттық ерекшелік, дәстүрі бар. Соның бірегейі есте жоқ ерте замандарда туып, қалыптасып, дамып жетіліп, бүгінгі күннің де қажетіне жарап отырған халық ауыз әдебиеті болса, оның ең бір өміршең жанры – айтыс. Айтыс – ұлттық құндылығымыз. Ал, осы ұлттық құндылықты сақтап қалу үшін өткенді саралап бүгінгіні бағалай отырып, оқушылардың санасына сіңіруді көздеген Гүлбаршын Сүлейменқызының тағы бір тамаша туындысын 2 «б» сынып оқушылары «Қыз бен жігіт» айтысын назарға ұсынды.

«Батамен ер көгерер, жауынмен жер көгерер»,-деген сөз адамды ізгілікке, парасаттылыққа, мейірімділікке баулиды. Ендеше, бата да сол ұлы қасиеттерге бастаушы әрі тудырушы рухани мұра болып табылады. Бата көркем сөзбен, өлеңмен, шешендік тілмен, әсерімен, қол жайып айтылады. 1 «Д» сынып оқушыларынан «Ай аттарына бата», 4 «Ә» сынып оқушыларының орындауында сахналық көрініс «Сотқарбектің сотқарлығы», 2 «В» сыныбы «Табиғат туралы айтыс» көрсетті. «Адам бүгін театрға ертең адам болып қалу үшін барады»,- дейді атақты режиссер Робер Лепаж. Театр – нағыз тәлім-тәрбие мен тағылымның ортасы. Киелі өнердің ордасына бас сұққан бала, мәдениетті де үйренеді. Сахнаға көз тіккен бала өмірді көреді. Жақсы мен жаман арпалысып жатқан заманның ащы шындығын біліп, ақ пен қараның ара жігін ажырата алады. Нағыз мәдениет те, нағыз өнер де театрда. Ұрпақтың бойына мәдениет, білім және ұлттық тәрбиені дарытады. Қазірде қуыршақ театры – балаларды тәрбиелеудің ең тиімді құралы. 7 «Б» сынып оқушыларының орындауында көрініс «Аңырақай шайқасын» тамашаладық. Ұлағатты ұстаз Гүлбаршын апайды, ұзақ жылдар бойы үздіксіз еткен зор еңбегі – саналы ұрпақ тәрбиесінде алар орны ерекше, кейінгі жас буынға үлгі-өнеге болды. Сөз кезегін Гүлбаршын Сүлейменқызына берді.

Сонымен қатар, ардагер ұстаздарға арналған «Қазынаға толы ғұмыр» атты кездесу кешті аяқтай отырып, «Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі», Аға мұғалім Гүлбаршын Сүлейменқызы атына берілген бастауыш сынып кабинетін ашылу салтанатына қарай өтті.

Бірақ арада қанша жыл өтсе де, қанша жасқа келсек те, қандай адам болсақ та балғын балалық шақтарымыз өткен алтын ұям – мектеп оқушылардың жүрегінің төрінде болатыны анық. Мектеп Гүлбаршын Сүлейменқызының шәкірттеріне үлкен өмірге жолдама берді, үлкен өмірге дайындады. Енді мектеп олар үшін жауапты емес, бірақ шәкірттері мектептерінің алдында әлі қарыздар.

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға»,-деген нақыл сөз сүйікті мұғалімдері Гүлбаршын апайларына арналады. Осы өмірлерінде қаншама шәкірттерді қанаттандырып ұшырды. Оқушыларының бәрі өмірден өз жолдарын тауып, шың басына көтерілуде.

Ләззат ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

● **АҚЫН САРА ТАСТАНБЕККЫЗЫНЫҢ ДҮНИЕГЕ КЕЛГЕНІНЕ - 170 ЖЫЛ!**

САРАНЫ танытушы

Үстіміздегі жылы есімі жалпы қазақ жұртына танымал, айтыс өнерінің батагөйі саналған Арқаның ақиық ақыны Біржан сал Қожағұлұлымен айтысқа түсіп, «Жетісу бұлбұлы» атанған айтыс өнерінің ақтаңгері Ақын Сара Тастанбекқызының дүниеге келгеніне 170 жыл толмақ. Ақсудың топырағында дүниеге келген Толғанбай Мырзағұлұлы, Арсалаң Толыбайұлы ақындарды өзіне ұстаз-пір тұтқан, күміс көмей, жезтаңдай ақын, әнші Біржан сал, Түбек, Жанақ, Дулат, Сұртай, Сабырбай, Кеншімбай сияқты танымал ақындардан айтыс өнерінің қырлары мен сырларын меңгерген, Тостағанбет, Тәсібек, Ермек, Құдайберген, Төребай, Орынбай, Әсет сияқты ақындармен айтысқа түскен Ақын Сара Тастанбекқызы апамыздың өмірі мен шығармашылығын зерттеушілер қатары көбейе түскен. Ақын Сараның өмірі мен шығармашылығы өзінің өмір сүрген кезеңінен бастап-ақ ел арасына алдымен ауызша кейіннен жазбаша тарап, елдің ықыласына бөленіп, жалпақ жұрттың назарын өзіне аударғаны белгілі. «Біржан –Сара айтысын» қағазға түсіріп таратушылар Әріп Тәңірбергенұлы, Жүсіпбек қожа Шайыхисламұлы екені осыны айғақтайды. Жиырмасыншы ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүрген қазақ интелегенциясы өкілдерінің С. Мұқанов, М. Әуезов, І. Жансүгіров одан кейінгі қазақ әдебиеті өкілдері М.Ғабдулин, А. Жұбанов, С.Қайнарбаев, Т.Қалилахановтардың да Ақын Сара туралы зерттеп, оның шығармашылығына үлкен қызығушылықтарын танытып, өзіндік бағаларын бергендері тарихи факт. Қазақ әдебиетінде елеулі орындары бар бұл тұлғалардың Сараның өмірін өздерінің қолдарынан келгенше зерттеп, көптеген фактілерді жинап, өздеріне тән жолдармен дәлелдегендері, соған сәйкес өз тұжырымдары мен бағаларын бергендіктері еңбектерінен көрініс табады. Уақыт өткен сайын Ақын Сара тақырыбы қалың көпшіліктің назарынан ешқашан да тыс қалған емес, қайта жылдар өткен сайын жұрттың қызығушылығына айналуда.

Осындай кезеңдерде Ақын Сараның өмірін зерттеп көптеген сұрақтардың жауабын тауып, өмір фактілерін тізе отырып, қалың көпшіліктің назарына ұсынып жүрген өлкетанушы, тарихшы, бірнеше жылдар бойыТалдықорған қаласындағы колледждерде сабақ берген ұстаз, кәсіптік білім беру ісінің үздігі, Есенқұл Маманов атындағы бәйгенің лауреаты, Халықаралық «Дарабоз» әдеби байқауының бас жүлдегері, бірнеше кітаптардың авторы, қазіргі кезде еңбектің құрметтті зейнетінде отырған азамат Толымбеков Жемісбек Дулатбекұлы жайлы болмақ. Толымбеков Жемісбек Дулатбекұлы 1953 жылы Алматы облысы, Ақсу ауданы, Ойтоған ауылдық округіне қарасты елді мекенде дүниеге келген. Әкесі Дулатбек Толымбеков екі мәрте қуғын-сүргінмен жиырма жылға сотталып, елге тірі келген ерекше жан. Одан қарапайым ауыл шаруашылығында шопан болып жұмыс істеген. Анасы Дәмелі Толымбекова шопанның көмекшісі болып жұмыс атқарған. Жемісбек ағамыз Ақсудың Атынсарин атындағы мектебін 1971 жылы тәмәмдаған. 1975-1977 жылдары Ресейдің Забайкалье өңірінде әскери өз міндетін өтейді. Еңбек жолын 1978 жылы Талдықорған қаласындағы 174 училищеде оқыту шебері болып бастаған. Жасынан әдебиет пен тарих-шежіреге қызығушылығы басым болғандықтан, 1996 жылдан бастап тарихи, әдеби фактілерді іздеу, жинастыру жұмыстарымен кәсіпқой түрде айналыса бастайды. Жемісбек ағамыздың қаламынан бірталай тарихи фактілерге сүйене, зерттеп, зерделене жазған кітаптары баспадан шыққан. Соның ішінде Сартай батырдың ұрпақтары жайлы жазылған «Жанталас» кітабы, қалың Найман руына аты мәлім болған, өз заманында ел бірлігі мен ел қорғау ісіне атсалысқан Тоқпанбет батыр жайлы жазылған «Қолағаш» кітабы, қиын - қыстау кезеңдерде бүкіл Найман елінің бірлігін сақтап, қалың елге сөзін жүргізе білген көреген би Саршуаш жайлы жазылған «Найманның ақжорғасы» кітаптары оқырмандар назарын өздеріне аударған. Баса айтатын нәрсе ағамыздың «Жанталас» туындысы Қазақстан жазушылар одағы ұйымдастырған Халықаралық «Дарабоз» бәйгесінің жеңімпазы болды.

Бұдан басқа тынбай ізденуші ағамыздың ерекше қасиеті—өзінің туған өлкесінің әр тасы мен әр жусанының тарихын ерінбей ізденуі. Осы орайда Жемісбек ағаның қаламынан туған Ақсу-Қопал тарихына байланысты жазылған,баспасөз беттерінен жарық көрген мақалалары мен «Атаулы аудан-Ақсу!» кітабінің орны - айрықша. Еңбекті жазарда Жемісбек Дулатбекұлының көп ізденгендігі, көптеген тарихи фактілерді тынбай зерттегендігі, бірталай архив материалдарына сүйенгендігі көрініп тұр. Осы тақырыпта жазған еңбектеріне «Жетісу азаматы», «Алаштың аптал азаматы», «Тағы да Қопал», «Қопал татарлары», «Ақсу-Қопал», «Ақсу аймағының мектептері тарихы», «Зиялыларды баптаған Мамания мектебі», «Тәнеке батыр немесе үш Матай еліндегі болыстық», «Қобызшы Молықбай Байсақұлы», «Арсалаң ақын немесе махаббат машақаты», «Бекетбай ақын», «Төребай ақын мәлімі», «Алдияр батыр», «Байжан батыр, Мұжық би», «Таласпас Тәнекенің жан бағына», «Мырзағұлұлы Телібай», «Матай мен Садыр көтерілісі», «Бөрібай көтерілісі» сынды сексеннен аса мақалалар мен «Ақсудан шыққан арыстар», «Сақай саласы», «Төлегетай, Матай, шежіресі Сақай», «Топжарған», «Қобызшы Молықбай», «Атандым ақын Сара», «Баянды баяны», «Дәнекерім Тәнеке», «Атаулы аудан – Ақсу!» атаулы кітаптарының авторы. «Мүсәпір батыр», «Бабеке», «Ауылыма өлең қонған», «Ер Тоқпанбет», «Бөрібай батыр», «Аққа жақ» поэмалары да газеттерге шыққан.

Жемісбек Дулатбекұлының тынбай ізденушілігі мен шығармашылығы жолындағы ең айтулы, елеулі тақырыбы—

бұл Ақын Сара Тастанбекқызы. Ақын Сара Тастанбекқызының өмірі мен шығармашылығын зерттеуге деген құлшынысы да осы тоқсаныншы жылдардан бастау алған. Жемісбек ағамыздың айтуынша өзінің жеке автокөлігімен жолаушылап келе жатқанда Қопал бұрылысынан біраз өткен соң, жолдың оң жағында «Қарашоқы» деп аталатын жерде болған тылсым оқиға әсер еткен көрінеді. Өйткені бұл жерде Ақын Сара жерленген «Кәукен» деп аталған қорым бар.

Осы оқиғадан кейін аты аңызға айналған ақынқызтуралытақырыпқатұңғышретқалам тартады. Осы орайда «Жетісу бұлбұлы» жайлы қалам тартқанында Жемісбек аға Сараның туған - туыстарымен кездесіп, ел арасында Сара туралы әңгімелерден көптеген папкалар жинап, өзінің ізденіс жолдарындағы айрықша оқиғаларды жазба деректермен салыстырып, әрбір тарихи оқиғалардың дұрыс - бұрыстығына көзін жеткізіп дәлелмен жазғандығы көрініп тұр. Осы аталған мысалдарды негізге алсақ, Жемісбек Дулатбекұлының Ақын Сара Тастанбекқызы жайлы жазылған шоқтығы биік шығармасы—«Ақын Сара – Біржан сал» кітабы. Бұл кітапта автор Сараның образын тарихи тұрғыдан болсын, әдеби тұрғыдан болсын, тіпті психологиялық тұрғыдан жанжақты аша білген. Біріншіден, бұл кітаптың ерекшелігі - оның тарихи деректермен тығыз байланыстылығы. Кітаптағы көптеген тарихи оқиғалардың Сараның өмірімен байланысындағы шынайылығы. Екіншіден, сол кездегі қазақ даласында әмірін жүргізіп тұрған феодалдық - патриархалдық кезең кезіндегі елдің тұрмыс-тіршілігі, салт дәстүрі, халықтың әлеуметтік жағдайы, сол кездегі қазақ даласындағы поэзия, ақындық өнер, айтыс өнерінің ел арасындағы беделі жайлы тайға таңба басқандай айқын деректер берілген. Бұған қоса кітапта аттары аталған тарихи тұлғалар жайлы тың мағлұматтар, олардың ақын қыздың өміріне қатыстылығы, олардың іс-әрекеттерінің Сараның өміріне еткен әсері, оның өлеңдерінің қандай оқиғаларға байланысты туылғандығы, қазақ әдебиетінде біртуар тұлғалар ұлы Абай, Біржан сал Қожағұлұлы сынды адамдармен рухани байланысы жайлы деректер жан - жақты сипатталған. Кітаптағы аса назар аударатын ең негізгі нәрсе—Қопал-Ақсу өлкесіндегі географиялық елді –мекендер атаулары, олардың тарихи оқиғалармен байланысы, Сараның өміріндегі елеулі оқиғалармен байланысы турасында нақты жазылғандығы.

Кітаптың айта кетер аса үлкен тағы бір ерекшелігі—Сара Тастанбекқызының өлеңдеріне, айтыс өнеріне сипаттама берілуі. Өлеңдерінің шығу тарихы, өлеңнің көркемдік ерекшелігі өз алдына, өлеңдегі оқиғалардың шындық негізге жақындығы, оны тарихи тұрғыдан бұлтартпас фактілермен дәлелдеу, оны оқырмандардың саналарына қарапайым жатық тілмен жеткізе білу бұл да автордың қалам тартудағы өзіндік шеберлігі десек артық айтпаймыз. Жемісбек Дулатбекұлының Ақын Сара туралы бұдан басқа да жазылған «Жетісудың сайраған бұлбұл қызы», «Ақын Сара» мақалалары баспа беттерінен жарық көрген. Қазіргі таңда көкірегі шығармашылық пен ізденушілікке толы қарт қаламгер үлгілі отбасында екі ұл, екі қызды тәрбиелеп өсіріп, он жеті немере, бір шөбере сүйіп, бір әулеттің басы болып еңбек зейнетінде отыр. «Тарих пен әдебиетті, өткен-кеткенді Жемісбектей ізден» деп облыстық радиотелевизияда редактор болып істеген Ораз Исмаилов айтқандай, қарымды қаламгер қазіргі таңда зейнет демалысында болса да әлі де өз өлкесінің тарихы мен әдебиетін, өз өлкесінде дүниеге келген өнер мен тарихи тұлғалар жайлы мәліметтерді тынбай іздестіру үстінде. Жемісбек Дулатбекұлы Қопал ауылындағы Ақын Сараның мемориалды музейімен де тығыз қарым-қатынаста. Аталған музейдің іс-шараларына қатысып, Сара туралы зерттеген, жинастырған мәліметтері жайында музей қызметкерлерімен де ой бөліседі. Бұл автордың тарих пен әдебиет саласына, іздену жұмыстарына зор шығармашылықпен қарап, өз ісіне шексіз берілгендігін байқатады. Қаламгердің еңбегі мен шығармашылығы жолындағы зор ізденістері, зерттенімпаздығы әдебиет пен тарих саласында еңбек етіп жүрген кейінгі буын жастарға үлкен өнегенің үлгісі десек артық айтпаймыз. Осындай өз өмірін шығармашылық пен жауапкершілікке арнаған, ақын Сара Тастанбекқызының өмірі мен шығармашылығын танытушы Толымбеков Жемісбек Дулатбекұлы ағамызға жоғары да биік бедел, баянды ғұмыр, шығармашылығына сүбелі табыстар тілейміз.

Айдын ЖАҚЫПБЕКОВ,
Ақын Сараның мемориалды музейінің қор сақтаушысы.

Бұлбұлды сомдаған бұлбұл әнші

Мұхит мектебінің ізбасары, дәстүрлі ән өнерінің өкілі, үні ерекше, бұлбұл әуезді әнші Гүлмайдан Сүндетқызы Сүндетова 1958 жылы Атырау облысының Исатай ауданындағы Жанбай ауылында өмір есігін ашқан.

1975 жылы мектепті бітіргеннен кейін, қызмет жолын Махамбет ауданында мәдениет бөлімінде автоклуб меңгерушісі болып бастаған. Алматыдағы республикалық эстрада өнер студиясына 1976 жылы түсіп, Қазақстанның халық әртісі Ғарифолла Құрманғалиевтің класынан 1978 жылы бітіріп шыққан. Республикалық эстрада-цирк студиясын тамамдаған соң Талдықорған облыстық филармониясында қызмет атқарып, Қазақстанның халық әртісі Дәнеш Рақышевтай сахна саңлағынан көп үйренген. Жетісу мен Арқаның әндерін нақышына келтіріп, тамылжыта орындайтын Дәнештей саңлақтан алған тәлім-тәрбиесі мол болған.

1979 жылы І.Жансүгіров атындағы Талдықорған педагогикалық институтына оқуға түсіп, 1983 жылы үздік тамамдаған соң, институтқа мұғалім болып қабылданып, 10 жылдан аса ұстаздық еткен. Сол кездері ұстаздық пен әншілік өнерін қатар алып жүрген әнші, институт жанынан ұйымдастырылған «Жетісу» ансамблімен бірге Испания, Франция жерінде ұлттық өнерімізді дәріптеп, жезтаңдай әнші Әміре шырқаған Париж сахнасында да әуелетіп ән салған.

1989 жылы Жетісу өңірінде ақын Сара бейнесін сахнаға шығару үшін, журналист, драматург Тәңірберген Қалилахановтың пьесасын сахналау алдында «Ақын Сараға – ару Сараға, кім лайық?» атты республикалық конкурс жарияланады. Әнші байқау афишасын әр жерге таратып жүрсе де, қатысу туралы мүлдем ойы да болмапты. Сол кезде Ғалия Оспанова атты құрбысы «Сен Жетісу жерінде, қазақтың қара домбырасын арқалап жүріп, неге Сара бола алмайсың? Байқауға неге қатыспайсың? Бағыңды сынап көр» деп қамшылаған екен. Әнші осы сөздерден қанаттанып, байқауға қатысуға бел буады. Бұл жыл дарынды әнші үшін жұлдызы жоғарыдан жанған жыл болады. Аталмыш конкурсқа өнері мен сымбаты қатар үйлескен 17-24 жас аралығындағы қазақтың отыз шақты қызы қатысып, бақ сынасады. Қатысқан қыздардан соңғы үшінші кезеңде, іріктеліп 14 адам ғана қалады. Ақыры, қоюшы режиссер Сәулебек Асылханов, драматург Тәңірберген Қалилаханов пен сарапшылар ақын Сара, ару Сараның бейнесін сомдауға бірден бір лайықты адам Гүлмайдан деп шешім қабылдайды. Себебі, домбырамен қосылып айтатын әншілігінің сыртында түрінің тартымдылығы мен нәзіктігі, сахнада ойнау шеберлігі бәрінен асып түседі.

Талдықорған драма театры дайындаған «Ақын Сара» спектаклі Алматыдағы Мұхтар Әуезов атындағы академиялық драма театрында қойылып, жоғарғы дәрежеде өтеді.

Сара – Гүлмайданның жүрегіне бала кезден жақын бейне болғандықтан, «Біржан мен Сара» айтысын шәкірттік шақтан жаттап өскендіктен Сараның бейнесін жасау оған қиынға түспей, бұлбұл ақынның бейнесін үздік сомдайды. Табиғатынан дара туған, әншілік жолын сәтімен қуған Гүлмайданның драма әртісі жағынан бір қыры ашылып, Сараның рөлін керемет орындап шығады. Гүлмайдан сомдаған тарихи, трагедиялық тұлға - Сара бейнесі өте нанымды да, әсерлі шыққан. Сара ақынның сыршыл болмысы Гүлмайдан талантымен астасып, айқындала түскен. Ол сонау бір ерлер мен әйелдердің теңсіздік заманында өмір сүрген ақын Сараның шерлі тағдырын әуезді үн, әсерлі әнмен керемет жеткізген. Қойылымдағы Біржан салмен айтысатын көрініс көрермен орындарынан тұрып кетіп, қол соғып, қошемет жасаған. Тұңғыш рет Сара бейнесін сомдаған Гүлмайдан шеберлігіне халық «... Нағыз Сара осы екен» деп сүйсінген екен. Спектакль соңында атақты ұстаз режиссер Асқар Тоқпанов Гүлмайданға мадақ сөз арнап, құттықтап, өз батасын беріп, Сараның ариясын қайтадан айтқызып тыңдаған.

Бұл қойылым М.Әуезов атындағы академиялық драма театрында 10 күн қатарынан қойылады. Қойылымның сәтті шыққанына дәлел, сол он күн бойы театр залы көременге лық толған. Кейіннен спектакльмен театр ұжымы ауыл қалаларды гастрольдік сапармен аралайды. Яғни, қойылым Бұқара мен Самарқандта, Лепсі, Қапал аудандарында тағы басқа жерлерде көрермен назарына ұсынылған.

Жетісудың бұлбұл ақынының бейнесін сомдап, өнерімен қазақ халқына танымал болған бұлбұл әнші, «Мәдениет қайраткері» белгісінің иегері, Жетісу облысының құрметті азаматы Гүлмайдан Сүндетова сыңғырлаған үнімен, тамаша әндерімен халқымен бірге. Жетісу өлкесі – ақын Сара, Кереку өлкесі – әнші Майра атап кеткен жезтаңдай әншінің өнері сарқылмайтыны анық.

А.САПАРОВА,
Ақын Сараның мемориалды музейінің экскурсия жүргізушісі.

«Е-ЗАҢ КӨМЕК, Е-САРАПТАМА, ОФЛАЙН – СДТБТ» ЖОБАЛАРЫ

ҚР БП ҚСжАЕК-нің Жетісу облысы бойынша басқармасы Ақсу аудандық прокуратурасымен бірлесіп Ақсу ауданы ПБ - нің тергеу, анықтау, жедел уәкілдер қызметтері үшін «Е-Заң Көмек, Е-Сараптама, Офлайн – СДТБТ» жобалары бойынша практикалық сабақтармен семинар - кеңесі өткізді.

Ақсу ауданы ПБ-нің жеке құрамына өткізілген сабақ барысында қылмыстық істерді электрондық форматта тергеу, Е-Заң Көмек модулінде адвокаттарды тағайындау және Е-Сараптамаға электрондық сараптама тағайындау барысында туындайтын мәселелер талқыланды.

Жас қызметкерлерге қылмыстық істер бойынша Е-Заң Көмегінде адвокаттар тағайындау және Е-Сараптама модулінде электрондық сараптама тағайындау бойынша қадамдық нұсқаулар берілді, сондай-ақ, әдістемелік және практикалық көмек көрсетілді.

ҚР БП ҚСЖАЕК-НІҢ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША БАСҚАРМАСЫ ЖӘНЕ АҚСУ АУДАНДЫҚ ПРОКУРАТУРАСЫ.

ҚҰРМЕТТІ САЛЫҚ ТӨЛЕУШІЛЕР!

Ақсу ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы келесіні хабарлайды

«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2022 жылғы 22 қарашадағы №1178 бұйрығына сәйкес 2023 жылғы 10 ақпандағы астықты және дәнді дақылдардың жекелеген түрлерін әкелу және экспорттау кезінде Ілеспе Тауар Құжаттары (Сопроводительно Накладные Товары) ІТҚ/СНТ міндетті тіркеуі енгізіледі.

Басқа тауарлық баптар үшін ІТҚ/СНТ міндетті тіркеу пилоттық жоба аяқталғаннан кейін күшіне енеді, яғни 2023 жылғы 1 сәуірден бастап, бұл ретте ЕАЭО елдерімен өзара саудадағы экспорттық-импорттық операциялар үшін леспе тауар құжаттарының міндетті тіркеу мерзімі кейінге шегерілмейді.

СНТ-ны міндетті тіркеу күшіне енгізілгеннен кейін СНТ ұсынбағаны және СНТ-дағы мәліметтердің нақты тасымалданатын жүкке сәйкес келмегені үшін әкімшілік жауаптылық көзделген.

ӘҚБтК-нің 283-1-бабына сәйкес, СНТ ұсынбау немесе уақтылы ұсынбау, атауы сәйкес келмеуі, тауардың санын (көлемін) СНТ-да қате көрсету – бестен отызға дейінгі айлық мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады, кәсіпкерлік жүргізуші субъектіге байланысты есептік көрсеткіштер.

АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Арнаулы салық режимінің бірыңғай жер салығын қолданатын шаруа немесе (фермер) қожалықтарының 920.00 нысаны бойынша салық декларациясын тапсыру мерзімі 31.03.2023 жылға дейін,

Арнаулы салық режимінің Оңайлатылған декларация негізінде жұмыс істейтін жеке кәсіпкерлердің 910.00 нысаны бойынша салық декларациясын тапсыру мерзімі 15.02.2023 жылға дейін.

Салық декларацияларын уақтылы тапсыруларыңызды сұраймыз.

АҚСУ АУДАНЫ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР БАСҚАРМАСЫ.

ТЕРРОРИЗМ – ЕЛГЕ ТӨНГЕН ҚАУІП

Қазақ елі — дүниежүзіндегі бейбітшілікті, татулықты, тұрақтылықты қастерлейтін бірден-бір мемлекет, сондықтан да тәуелсіздік алған сәттен бастап бейбітшілікті ту етіп, әлемнің түкпір- түкпірімен саяси, мәдени, рухани, достық қарым-қатынас орнатты. Дінді желеу еткен экстремистік және террористік идеологияның таралу процессі соңғы уақытта іс жүзінде бүкіл әлемде ауқымды сипатқа ие болып отыр. Қазақстан әлемдегі сыртқы саяси ахуалдың өзгеруіне байланысты, өзінің геосаяси жағдайына қарай, Орталық Азия өңіріне географиялық жағынан жақын Таяу және Орта Шығыс елдеріндегі тұрақсыздыққа орай, халықаралық терроризмге қарсы күрестің негізгі бағыт аймақтарының бірінде қалып отыр. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы терроризм қатерінен қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларының жүйесін әзірледі, оның тиімділігі біртіндеп арттырылып жатыр. Қазақстан терроризмге қарсы күрес саласындағы негізге алынатын барлық халықаралық әмбебап актілердің қатысушысы болып табылады. Арнаулы мемлекеттік қызметтер мен құқық қорғау органдары Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің Контртеррористік Комитетімен, Еуропадағы Қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымның Терроризмге қарсы бөлімшесімен, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Терроризмге қарсы орталығымен, Шанхай ынтымақтастық ұйымы және Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының Өңірлік терроризмге қарсы құрылымымен белсенді түрде өзара іс-қимыл жасайды. Бүгінде терроризмге қарсы әлемнің бірнеше мемлекеті мен халықаралық ұйымдар күресуде. Бұл, өз кезегінде, дендеп еніп бара жатқан терроризмнің алдын алуға, жол бермеуге апаратын бірден-бір жол болып табылады.

Жібек АЛШЫНБАЕВА,
аудандық орталық кітапханасының кітапханашысы.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ ӘДЕПТІК ҚАҒИДАТТАРЫ

2022 жылғы 22 ақпанда Қазақстан Республикасы Президентінің №814 Жарлығымен Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп Кодексі жаңа редакцияда бекітілді.

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ағымдағы жылдың қаңтар айында Парламент Мәжілісінің отырысында сөйлеген сөзінде және кейінірек сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі кеңесте мемлекеттік аппараттың жұмысы «жаңа тәсілдерді» енгізуді және Мемлекеттік қызмет жүйесін іс жүзінде сервистік және клиентке бағдарланған болуы үшін қайтадан жандандыру қажеттігін атап өтті.

Қазақстандық қоғамда болып жатқан өзгерістер мен біздің күнделікті өміріміздегі факторлар мемлекеттік басқару жүйесіндегі жаңа тәсілдерді талап етеді. Оларды мемлекеттік басқаруда жүзеге асыру жаңа Қазақстанды құру жолындағы басты фактор болып табылады.

Осыған байланысты, қоғамның мемлекеттік органдарға деген сенім деңгейін арттыру және халықпен кері байланысты жақсарту бойынша жұмыс істеу қажет. Ол үшін адамдарға бағытталған мемлекеттік басқарудың жаңа моделін қалыптастыру қажет.

Осыған байланысты, жаңа Этикалық кодекс қызметтік этика нормаларын дұрыс түсіну және қолдану үшін өте маңызды.

Мемлекеттік қызмет жүйесіндегі жаңа сын-қатерлерді шешу жаңа редакциядағы Әдеп кодексін қабылдауға себеп болды.

Кодекстің жаңа редакциясында «Мемлекеттік қызметтің әдеп қағидаттары» атты жаңа тарау пайда болды. Осыған сәйкес мемлекеттік қызметшілердің қызметтік этикасы алты қағидатқа негізделеді:

1) адалдық - қоғам игілігі үшін мемлекетке кәсіби және жауапты қызмет ету;

2) әділеттілік - өз міндеттеріне шынайы көзқарас;

3) әділдік - жеке және заңды тұлғалардың, қоғамдық топтар мен ұйымдардың ықпалына қарамастан заңды шешім қабылдау және кез келген мән-жайлар бойынша біржақтылық пен субъективтілік себебінен адамдарды кемсітуге жол бермеу;

4).ашықтық - жұртшылықпен жұмыс істеуге дайын болу және өз әрекеттерінің ашықтығын қамтамасыз ету;

5) сыпайылық - азаматтар мен әріптестерге дұрыс және құрметпен қарау

6).клиентке бағдарлану – Мемлекеттік қызметтерді тұтынушы ретінде халықтың сұраныстарына толық бағдарлана отырып, көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру жөнінде және өтініштерді қарау кезінде бюрократия мен әуресарсаңға салуға жол бермеу жөнінде шаралар қабылдау;

Мемлекеттік қызметшілерге қойылатын негізгі талаптар:

1) қарапайым болуға, жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтауға, шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпауға;

2).заңда белгіленген шектеулерді сақтауға, мүдделер қақтығысын болдырмауға;

3).азаматтармен қарым-қатынаста әдептілік танытуға, дөрекілік, қадір-қасиетін қорлау, әдепсіздік және дұрыс емес мінез-құлық фактілеріне жол бермеуге, өз әрекеттерімен және мінез-құлқымен олардың тарапынан сынның орын алуына жол бермеуге;

4).лауазымдық міндеттерін орындауға байланысты кез келген сипаттағы заңсыз уәделер бермеуге және заңсыз міндеттемелер алмауға және т. б.

Сонымен қатар, Кодексте, егер мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарына сәйкес келмесе, мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік саясат және қызметтік мәселелер бойынша өз пікірін жария етпеуі, жариялауға рұқсат етілмеген қызметтік ақпаратты ашпауы және мемлекеттің лауазымды адамдарының, мемлекеттік басқару органдарының, басқа да мемлекеттік қызметшілердің атына әдепке сай емес мәлімдемелерді қамтуы тиіс екендігі белгіленген.

Мемлекеттік қызметшілер қызметтен тыс уақытта жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды ұстануға, қарапайымдылық танытуға, тиісті қызметтерді алу кезінде өзінің лауазымдық жағдайын баса көрсетпеуге және пайдаланбауға және қоғамдық имандылыққа қол сұғумен ұштасатын қоғамға жат мінез-құлық жағдайларына жол бермеуге тиіс.

Жаңа Әдеп кодексі қызметтік әдеп стандарттарын белгілейді және мемлекеттік қызметшілерде моральдық-адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру үшін негіз болады.

Насимбаев Азиз ИЛИЯСҰЛЫ,
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша Департаментінің бас маманы.

101 ХАБАРЛАЙДЫ!

БАЛАЛАРДЫ ЖАЛҒЫЗ ҚАЛДЫРМАҢЫЗ!

Статистика бойынша, елімізде өрттің жалпы санының 10 – нан 15% - на дейін түрлі жылыту құрылғыларынан немесе балалардың отпен ойнауынан пайда болады.

Пәтерде немесе үйде жалғыз қалдырылған бала, ересектерге еліктей отырып, сіріңкені алып, қағазды жағып, электрлі жылыту құрылғысын қосып немесе тіпті өрт шығара алады. Ересектерден үлгі алған балалар, кейде темекі шегуге тырысады.

Әрине, балаларды пәтерде жалғыз қалдырған ата – аналар кінәлі деп есептейді, олардан сіріңкелерді жасырмайды, балалардың мінез – құлқын бақыламайды, оалрдың ойынын бақыламайды, кейде балалардың айтқанына еріп, оларға сіріңкемен ойнауға, жанып жатқан пештерге қарауға және жандыруға рұқсат береді. Көбінесе ересектер болмаған кезде, балалар «жұмбақ орындарда»(құрылыс алаңдарында, шатырларда, жертөлелерде) немесе пәтерде ойнайды.

Есіңізде болсын, қымбатты ересектер, сіріңкені балалардың қолы жетпейтін жерде сақтайды. Балаларды пәтерлерде құлыптауға болмайды (соның салдарынан қанша қайғылы оқиға орын алған), оларға пештер мен жылыту құралдарын көруге, әсіресе жас балаларға жылыту құрылғыларын, газ плиталарын және т.б. қосуға рұқсат бермеу керек.

Әрбір ересек адамның міндеті – әртүрлі ойындарды отпен ойнаудан тоқтату, балаларғы олардың қауіп – қатерін түсіндіру болып табылады. Егер біреуге зиян келтіре отырып, балаларды қараусыз өалдыру нәтижесінде өрт пайда болса, ата – аналар әкімшілік тәртіпте, бұл үшін заңды жауапты екенін ескеру қажет. Сот жәбірленушінің өтініші бойынша ата – анасынан балалардың осындай жағдайды тудырғаны үшін тергеуге алып, келтірілген зиянның мөлшерін ала алады.

Т.ЗЕЙНОЛДАНОВ,
Ақсу ауданының ТЖБ бас маманы, азаматтық қорғау майоры.

ЖАРИЯ ТЫҢДАЛЫМ

Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі №78 мекенжайы бойынша орналасқан Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және ақша аударушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Алматы облысы бойынша департаменті 2023 жылы 15-17 ақпанында қоғамдық маңызы бар нарық субъектісі «Ақсу ЖСК» ЖШС табиғи монополия субъектісінің ауыз су беру, бөлу, жылу беру және жабдықтау қызметтеріне арналған тарифтердің жобасын қарау бойынша жария тыңдалым өтетінін хабарлайды:

ТЫҢДАЛЫМ УАҚЫТЫ ЖӘНЕ МЕКЕН-ЖАЙЫ КЕЛЕСІ КЕСТЕГЕ СӘЙКЕС:

15.02.2023 ж.

№ р/с	Елді мекендер	Күні, басталу уақыты	Мекен жайы
1	Кызылагаш, Ақтоған, Көлтабан, Егінсу	08:30	Жастар 29
2	Жансугуров, Сагабуйен, Сағакүрес, Алтынарық, Таусамалы, Көкөзек	11:00	Қабанбай 24
3	Кенжыра, Еңбек, Тарас	14:00	Әкімшілік 26
4	Матай, Құрақсу	16:00	А.Қисабеков 19

16.02.2023 ж.

№ р/с	Елді мекендер	Күні, басталу уақыты	Мекен жайы
1	Ойтоған, Үлгілі	10:00	Әділбек 12
2	Б. Сырттанов, Қопа	12:00	Ш. Уалиханов 1А

17.02.2023 ж.

№ р/с	Елді мекендер	Күні, басталу уақыты	Мекен жайы
1	Капал	10	Марат Алыбаев 7

АБАЙЛАҢЫЗ - ИНТЕРНЕТ

Жетісу облысы бойынша жыл басынан бері 33 интернет алаяқтық фактілері тіркелді, бұл республика аумағында 1617тіркелген алаяқтықтың жалпы санының 37,2 % құрайды.

33 интернет алаяқтық фактілері өңірлер бөлінісінде: Талдыкорган қаласы-31, Қаратал-0, Алакөл-0, Панфилов аудандары-0, Текели қаласы-1, Кербұлақ-0, Көксу-1, Сарқан-0, Ақсу-0 және Ескелді аудандары-0.

Көбінде, бұл қылмыстың түрі ұялы телефондарды қолдану арқылы жасалады.

Алаяқтар банктік ақпаратқа қол жеткізу үшін азаматтардың қажетті жеке мәліметтерін алудың түрлі тәсілдерін қолданады: жоғары лауазымды полиция қызметкерлері WhatsApp мессенджеріне алдын ала қолдан жасалған, растайтын құжаттарды тастай отырып ұсынады: елтаңбалы мөрмен расталған қызметтік куәліктерді, қылмыстық іс қозғау туралы қаулы түрлі банктердің қаржы бөлімдерінің қызметкерлері ұсынады.

Мысалы, Талдықорған қалалық полиция басқармасымен аз. Ф. арызы бойынша тергеп-тексеру жүргізілуде, іс құжаттарына сәйкес белгісіз тұлғалар оның атынан онлайн несие алып, алған қаражатты жымқырған.

Көбінде Сізге несие рәсімделгені туралы жаңылыстырады және олар банк картасы бойынша мәліметтерді, карточка нөмірін, банк картасының артқы жағында орналасқан CV кодын хабарлауды сұрайды.

Көбінде алаяқтар WhatsApp мессенджеріне қоныраулар пайдаланады, өткені WhatsApp қоныраулар бақылау қиын, өйткені бұл адамдар ел ішінде де, одан тыс жерлерде де болуы мүмкін.

Интернет-алаяқтық «Колеса», «Крыша», «OLX» интернет-сайттарын пайдалану арқылы да жасалады.

Әлеуметтік желілер арқылы: «Инстаграмм», «Телеграмм», «Фейсбук», «ВКонтакте», арқылы мүлікті сату туралы хабарландыруды жариялау кезінде. Сонымен қатар, алаяқтар көбінесе қымбат заттардың өте төмен құнын пайдаланады, осылайша сатып алушыларды тартады.

Қазіргі уақытта қылмыстың осы түрін жандандыруға байланысты ішкі істер органдары қылмыстың осы түрін жасауға жол бермеуге бағытталған шаралар қабылдауда. ІІМ қылмыскерлердің алаяқтық әрекеттері туралы ескерту сипатындағы SMS хабарламалар жібере басталды.

Республиканың ішкі істер органдары азаматтарды сақ болуға және негізгі сақтық шараларын ұстануға шақырады.

ІІМ негізгі ұсынымдары:

1. Ешқандай жағдайда банктер немесе құқық қорғау органдары қызметкерлерінің несие беру, мүлікті сату және ақшасын қауіпсіз шоттарға аудару немесе несие беру туралы телефон нұсқауларын орындамаңыз. Құқық қорғау органдары телефон арқылы арнайы операциялар жүргізбейді.

2. Өзінің дербес деректерін, пластикалық карталардың деректемелерін ешкімге хабарламау, аударымдар туралы түбіртектерді, тіпті банк, полиция қызметкерлері болып табылатын тұлғаларға кодтар мен кодтық сөздерді және т.б. бермеуді талап етеміз.

3. Жеке деректерді белгісіз және тексерілмеген сайттарға және басқа көздерге бермеңіз. Тексерусіз алдын ала төлем жүргізбегеңіз. Тауарды алғаннан кейін төлем туралы келісуге тырысыңыз. Мұндай қызметтер, мысалы Қазпоштамен көрсетіледі.

4. Күмәнді мәмілелер бойынша аударымдарды жүзеге асырмаңыз, ашық кіріс көзінсіз қаржылық схемалардан сақ болыңыз.

5. Қолданбаларды орнату үшін тек ресми App Store, Play Market және т.б. пайдаланыңыз.

6. Өтпеуге сілтемелер бойынша жіберуді, мысалы жалған төлемдер жасалғандай болып көрсетілуі мүмкін, жеке тұлғалар төлем жасау үшін жеке ұялы телефондағы бағдарламалардың СПАМ-сілтемесі жеке терезесі арқылы белгісіз тұлғалардан хабарлама ретінде келу мүмкін.

7. Банкинг қызметтеріне қолжетімділік құпия сөздерін үнемі ауыстырып отыруді, яғни 3D қорғауды және банктер ұсынатын басқа да, қауіпсіздік шараларын пайдаланып отыруды.

8. Негізінде тұлғаларға өздерінің шоттарындағы ақша қозғалысын жиі тексеріп отыруды ескертеміз.

Мади ХАЙРБАЕВ,
ҚР БП ҚСжАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша басқармасының қылмыстық саладағы құқықтық ақпаратты қалыптастыру аға прокуроры.

ҚҰҚЫҚТЫҚ СТАТИСТИКА ОРГАНДАРЫМЕН КӨРСЕТІЛЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ АЛУ ТӘРТІБІНДЕГІ ОҢ ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ЦИФРЛЫҚ ДАМУ, ИННОВАЦИЯЛАР ЖӘНЕ АЭРОҒАРЫШ ӨНЕРКӘСІБІ МИНИСТРЛІГІ МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ НЕҒҰРЛЫМ ТАЛАП ЕТІЛЕТІН АНЫҚТАМАЛАР МЕН ҚАҒАЗ РАСТАМАЛАРДЫ АЛЫП ТАСТАУ ЖӨНІНДЕГІ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАУ ШЕҢБЕРІНДЕ АҚПАРАТТЫ ЦИФРЛЫҚ РАСТАУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛГЕНДІГІН ХАБАРЛАЙДЫ

Құқықтық статистика органдарымен мемлекеттік 9 түрі қызметтері алдағы уақытта көрсетіліп жүрген болатын, қазіргі кезде мәлімет және жұмыста пайдалану үшін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің «Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру», «Наркологиялық ұйымнан анықтама беру», «Психоневрологиялық ұйымнан анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметтерін «Е-қызмет» персоналды басқарудың интеграцияланған ақпараттық жүйесі арқылы алу мүмкіндігі іске толығымен асқандығын хабарлайды.

Атап айтқанда, осы бағытта Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекет басшысының неғұрлым талап етілетін анықтамалар мен қағаз растамаларды алып тастау жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде ақпаратты цифрлық растауды қамтамасыз ете отырып, яғни өткен жылдың қазан айында және ағымдағы жылдың сәуір айында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне (бұдан әрі – тізілім) мемлекеттік органдардың ұсынған ұсыныстары және анықтамалардың күшін жою бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар негізінде өзгерістер енгізілді, 9 мемлекеттік көрсетілетін қызметтер қазіргі кезде алынып тасталды, мысалы мына төмендегі көрсетілгендей:

- Тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны туралы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есептері бойынша мәліметтер беру (404 629 жыл бойы қағаз айналымдар);
- Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшысының (алушысының) зейнетақы жинақтарының (инвестициялық кірістерін ескере отырып) жай-күйі туралы ақпарат беру (жылына 1 млн-нан астам анықтама);
- Жалғыз тұрғын үйі авариялық деп танылған азаматтарға анықтама беру (жылына 44 анықтама);
- Жылжымайтын мүліктің меншік иесі (құқық иеленушісі) туралы мәліметтерді қамтитын техникалық паспортқа қосымша беру (жылына 307 224 анықтама);
- «Заңды тұлғалар» мемлекеттік деректер қорынан анықтама беру (жылына 3 288 055 анықтама);
- Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар және тоқтатылған құқықтар туралы анықтамалар беру (жылына 40 856 анықтама);
- Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу тізілімінен үзінді-көшірме беру (жылына 106 079 анықтама);
- Тауар таңбаларының мемлекеттік тізілімдерінен, тауар шығарылған жерлердің атауларынан үзінді көшірме беру (жылына 192 анықтама).

Жоғарыда көрсетілетін қызметтер қазіргі кезде 9 мемлекеттік қызмет көрсету анықтамаларды алып тастағаннан кейін мұндай ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етудің әртүрлі тәсілдері бар, мысалы:

1) мекенжай анықтамасы дербес деректердің болуын ескере отырып, үшінші тұлғаларға арналған сервис арқылы беріледі (https://egov.kz/cms/ru/services/pass_sr11);

2) есепке алынуы Мемлекеттік кірістер органдарында жүргізілетін берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтерді ақпараттық ресурста қолжетімді ету болып табылады kgd.gov.kz (https://kgd.gov.kz/ru/app/culs-taxarrear-search-web);

3) азаматтың жеке өзіне қажетті кейбір мәліметтер оның «электрондық үкімет» порталының жеке кабинетінде қосымша көрсетіледі;

4) мемлекеттік органдар үшін интеграциялық өзара іс-қимыл;

5) «Электрондық үкімет» порталында жалпыға қолжетімді нысанда жүзеге асырылады.

Осыған орай, азаматтар мен мемлекеттік органдар арасындағы артық қағаз айналымын болдырмау мақсатында «электрондық үкімет» порталында Шығыс құжатты басып шығару мүмкіндігінсіз ақпаратты қарау режимінде тізілімнен шығарылған мәліметтерді көрсетуді іске асыру туралы атап өтеміз. Алайда, жеке және заңды тұлғалардан анықтамалардың қағаз нысанын, әсіресе «Заңды тұлғалар» «мемлекеттік базасынан анықтамалар беру» қызметі бойынша басып шығарудың мүмкін еместігіне қатысты өтініштер келіп түседі.

Жоғарыда көрсетілген анықтаманың 10 кіші түрі бойынша ақпарат жалпыға қолжетімді болып табылады, яғни ол ЭЦҚ-сыз (бір реттік пароль бойынша) тапсырыс бере алатын кез келген портал пайдаланушысына қарау режимінде қолжетімді.

Сонымен қатар, заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы анықтама тізілімнен шығарылмаған, оны алу техникалық жағынан pdf-форматында қолжетімді.

Мемлекеттік қызметтер тізілімінен (бұдан әрі – МҚТ) шығарылған жекелеген мемлекеттік қызметтер бойынша мәліметтерді «электрондық үкімет» порталында шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінсіз ақпаратты қарау режимінде көрсету жүзеге асырылғаны туралы халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет. Шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінің болмауы техникалық ақаудың салдарынан емес, азаматтар мен мемлекеттік органдардың арасындағы артық қағаз айналымын жою мақсатында жасалғанын азаматтарға түсіндірілді. Бұдан бөлек, цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2020 жылғы 17 қазандағы №390/НҚ бұйрығымен (2020 жылы 21 қазанда № 21463 Әділет министрлігінде тіркелген) «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің есебі бойынша тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық жасауы туралы мәлімет беру» мемлекеттік қызметі оны толықтай автоматтандыруға және порталдың жеке кабинеті арқылы ұсынуға байланысты МҚТ алынып тасталған.

Бұл процесстің автоматтандырылуы Мемлекеттік корпорацияны және қызмет берушінің кеңсесін айналып өтіп, ЖСН бойынша онлайн режимде азаматтардың әкімшілік анықтамасын алуға мүмкіндік берді. Анықтама алу уақыты 3 жұмыс күнінен 15 минутқа дейін қысқарды. Бұдан бөлек, «Анықтаманы үшінші тұлғамен алу сервисі» және eGov mobile арқылы әкімшілік анықтаманы үшінші тұлғамен алу мүмкіндігі жүзеге асырылған.

Бұдан басқа, көрсетілген ақпараттарды еркін қолжетімділікте «Өзіңнің айыппұлыңды біл» атты қосымшадағы Комитеттің http://qamqor.gov.kz сайтынан алуға болады, өзіңнің ЖСН және жеке бас куәлігінің нөмірін енгізе отырып.

Бүгінгі күнде, біздің үш мемлекеттік қызыметімізді оңайлатып және жеделдетіп порталдан алуға болатын мүмкіндік жүзеге асырылған. «Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтама беру» мемлекеттік қызметі толықтай автоматтандырылған. Мемлекеттік қызмет көрсетуге құжаттар қабылдау және нәтижесін беру портал арқылы жүзеге асырылады.

Жүргізілген бұл жұмыс азаматтардың сұрауларының көп бөлігін үйден шықпай, 10 минуттың ішінде алуға мүмкіндік берді.

Қызметті оңтайландыру аясында азаматтарға оны ұялы байланыстың абоненттік қондырғылары арқылы, яғни порталдың ұялы түрі арқылы алу мүмкіндігі ұсынылған.

Азаматтар үшін тағы да бір ыңғайлылық шет елге шығу үшін анықтамаға сұрауды электронды түрде беру мүмкіндігі, қағаз жүзінде алуға өтініш білдірген Мемлекеттік корпорацияның филилдарының мекенжайын таңдай отырып. Бұрын сұрау тек қағаз жүзінде міндетті түрде Мемлекеттік корпорацияға барып жолданатын.

Порталда «Анықтаманы үшінші тұлғамен алу сервисі» көмегімен сұрау салған бастамашы өз бетінше егерде бұл тұлғаның келісімі болған жағдайда, басқа тұлғаға қатысты электрондық сұрау жолдай алады. Электрондық анықтама алуға Мемлекеттік корпорацияның форнт-кеңсесіне азаматтарды жіберудің қажеті жоқ.

Анықтаманы «EgovKzBot» қосып Telegram мессенджері көмегімен де алуға болады. Анықтама алуға керектің барлығы - азаматтардың мобильді базасына тіркелу.

Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтаманы апостильмен беру бізге оны азаматтарға композитті беруге мүмкіндік берді, яғни «бір өтініш» қағидаты бойынша. Бұл үшін композитті қызмет алуға өтінішті электронды түрде беру, электрондық үкіметтің төлем шлюзінің көмегімен онлайн режимде баж салығын төлеу, қағаз жүзінде нәтижені алу үшін, порталда Мемлекеттік корпорацияның филилдарының мекенжайын таңдау мүмкіндігі жүзеге асырылған.

Комитеттің қызметтерін 100% электрондық нысанға көшіру мақсатында, ҚР Әділет министрлігінің «Е-Апостиль» сервисін жүзеге асыру аясында апостиль қою бойынша қызметті толықтай автоматтандыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

«Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті және оның аумақтық басқармаларының архивтері шегінде архивтік анықтамалар және/болмаса архивтік құжаттардың көшірмесін беру» мемлекеттік қызметі жеке және (немесе) заңды тұлғаларға электронды (жартылай автоматтандырылған) және қағаз жүзінде көрсетіледі.

Мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің кадр қызметтері азаматтарға жүк салмай, құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының мәліметтерін дербес құрамды басқарудың «Е-Кызмет» интеграцияланған ақпараттар жүйесі арқылы жеке және заңды тұлғалар өздері ала алатындары туралы түсіндірілді.

Ернур БЕКТҰРСЫНОВ,
ҚР БП ҚСжАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша басқармасының қылмыстық саладағы құқықтық ақпаратты қалыптастыру аға прокуроры.

СУ ТАСҚЫНЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ

Жетісу облысы әкімінің 2022 жылғы 26 желтоқсандағы №139 Қаулысын басшылыққа ала отырып, «2023 жылы болуы мүмкін қар көшкініне, су тасқынына, су басуларға, сырғымаға, селдің жүруіне дайындық және тұрғындардың, шаруашылық жүргізу объектілерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және болуы мүмкін зиянды төмендету шараларын орындау мақсатында Ақсу ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі мен аудандық жергілікті атқарушы органдарымен бірлесе бірнеше су тасқынына алдын алу іс - шара жүргізілуде. Мысалы, оның ішінде Ақсу ауданы аумағындағы ауылдық округтерде орналасқан барлық су шаруашылық құрылыстар (ГТС) есепке алып, су тасқынына аса бейім аумақтар мен су айдындары тексеру ұйымдастырылды. Сонымен бірге елді мекендердегі арық, канал, гидротехникалық құрылғылар, су ағызу арналары аралау ұйымдастырылды, су тасқынына болуы мүмкін немесе басқа да шұғыл жасалатын инженерлік қорғау жұмыстарының орындалуы туралы, құжатарын ауылдық округ әкімдеріне тапсырылды.

Осыған байланысты Ақсу ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі су тасқынына, су басуларға, дайындау және тасқын суды апатсыз өткізу мақсатында, Сіздерге осы мерзімнен бастап су ағызу арналары тазалау және басқа да қажеттілік инженерлік қорғау жұмыстары жүргізу керек екендігін ескертеді.

Нұрдәулет ЖАҚСЫБАЕВ,
Ақсу ауданының ТЖБ бастығы, азаматтық қорғау подполковнигі.

Күй құдыретін сезіндірген Абыл күйші

Қазақ халқының кемеңгер жазушысы, ҚР мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қоғам қайраткері Әбіш Кекілбайұлының шығармаларын жетекшім Айқын Гүлшаш екеуміз зерттеуді қолға алдық. Соның ішінде «Күй» повесін зерттеу жұмысына арқау етіп алуды жөн көрдім. «Күй» повесі қазақтың адуынды күйшісі Абыл күйшінің өмірбаянына сүйене отырып жазылған және күйдің құдіреті жайындағы шығарма. Осы шығарманы оқи отырып, күйші Абыл жайында мәлімет жинап зерттеуді ойладым. Себебі, біз білетін кейіпкерлердің барлығы батырлар, билер, сұлтандар және хандар. Ал, күйшілер жайында көп зерттелмейді екен. Өзінің күйімен ел мен елді татуластырып, найзадан сақтаған күйшінің құдіреті мені тәнті етті. Зерттеу жұмысымыздың тақырыбы: «Әбіш Кекілбаевтың «Күй» повесіндегі күйші Абыл образы».

Зерттеу жұмысымның мақсаты: жазушының өмірі мен өнер жолына қысқаша тоқталып, «Күй» повесіндегі Абыл күйшінің образымен таныстыру. Қазақтың адуынды өнерпазы Абыл күйшінің өмірінің ең бір қайшылықты тұсына табан тірей отырып ашуды көздеу және өзге шығармалармен салыстыру. «Күй» повесіндегі күйші образы мен «Ақсақ құлан» аңызындағы күйші образымен салыстыру және күйші Абыл мен қазіргі заман күйшісін салыстыру. Сонымен қатар, оқушылар арасында Ә.Кекілбаев шығармаларын, Абыл образын таныстыру мақсатында сауалнама жүргізіп, таныстыру жұмыстарын жасадым.

«Күй» повесінің оқиғасы өткен жерлер: Қақпақтының дөңі, Тамды, Астау ой, Көкбөрі, Ожабай, Кендірлі, Темірбаба, Қараман Ата, Қаратүлей.

«Күй» повесінің композициялық құрылысына талдау жүргіздім.

Абыл бейнесін өзге шығармалардағы күйшілермен және өз заманымыздың жас күйшісімен салыстыра отырып ашып, өскелең ұрпаққа дәріптеуді жөн көрдік. Әуелі мектеп оқушылары арасында сауалнама алынды, көбісі күйші Абыл жайында білмейтін болып шықты. Күйші Абыл образын таныстыру мақсатында презентация жасалды. Қазақтың күйі қуанышта да, қайғыда да қазақпен бірге жасап, бостандық сүйгіш ұлық өнер. Өнер атаулының ішінде күйдің мерейі жоғары, күйдің рухы биік. Осы күй құдыретін сезіндірген Абыл күйшінің тағдыры жайлы, оның өнері жайлы суреттелген Әбіш Кекілбаевтың «Күй» повесі арқылы атақты күйші Абылдың образын оқырманға, бар қазаққа таныту. Абыл Тарақұлының Түркімен еліне тұтқынға түсіп, сол елдің батыры Жөнейітті өз күйімен таңқалдырып, күй құдыретін мойындатқан. Сонымен қатар, күй дербес мемлекет құрып мерейленген халқымыздың рухын мәңгілікке толғай бермек. Себебі, күй – біздің ең ардақты, ең әлеуетті, ең сәулетті ұлттық құндылығымыз, ұлттық мәдениетіміздің төресі. Алдағы уақыттағы мақсатым – күйші образын танытып қана қоймай, жастардың күйшілік өнерге деген қызығушылығын тудырып, күйшілік өнерге жол бастау болмақ.

Еркежан НӘБИ,
«Көшкентал орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 8 «ә» - сынып оқушысы.

ЕСКЕ АЛУ

ТАШКЕНБАЕВА РАЙХАН ЖЕКЕНБАЙҚЫЗЫ 9 тамыз 1934 Ақсу ауданында туып өскен.

28 қаңтар 2023 жылы өмірден озды.

Еңбек жолын ұстаздықтан бастап, мектеп қабырғасында еңбек етіп, Чапаев (қазіргі Сиқымов) атындағы орта мектептің директоры болып қызмет атқарған. Өзінің ұстаздық жолын Алматы қаласында жалғастырып зейнетке шыққан.

Ұзақ жылдар бойы ұрпақ тәрбиесіне өлшеусіз үлес қосып, өзінің өшпес ізін қалдырған ұлағатты ұстаздың бірі. Білім беру ісінің үздігі. медальдармен, грамоталарымен марапатталған.

Бар ғұмырын ұстаздық жолға арнаған, көп жылдың ішінде өмірінің талай белестерінен табысты өтіп, үлкен бір әулеттің ақылшысы, тірегі, арқа сүйері болған. Өзінің өмір соқпағында сыйластық пен достық ұлағатын ұлықтап, үлкенге құрмет, кішіге ізетті болған. Ақылды да, сымбатты, адамгершілігі мол, көпшілікке сыйлы, бауырмашыл жан еді.

Баласы Талғат тосын жағдайда қайтыс болған. Екі немересін Берік, Назгүл, келіні Күлшарды бауырына басып, өсіріп тәрбиелеген. Берігі жағарғы білімді маман, жеке кәсіпкер. Жолдасы Әсел екеуі 2 бала өсіріп жатыр.

Назгүл апа жолын ұстап ұстаздықты таңдаған, жоғарғы білімді, қазір Алматы қаласында бір үлкен мектеп директоры. Жолдасы Даулет екеуі 3 бала өсіріп жатыр.

Келіні Күлшар өте адамгершілігі мол, жанашыр осы күнге дейін енесіне қарап, бағып келді. Тәтеміздің жатқан жері шырақ, иманы жолдас болып жаны ұжымақтың төрінде болсын.

Кеше ғана апасы
Бейіште жансын шырағы.
Жәннаттан болсын тұрағы.
Өседе берсін ұрпағы.

ҚҰСМОЛДИН ӘУЛЕТІ:
Әділбек - Күлпаш, балалары.
СӘРСЕМБАЕВТАР ӘУЛЕТІ:
Бөкейхан - Нұршат, балалары.

101 ХАБАРЛАЙДЫ!

ЕГЕР ӨРТ БОЛЫП ҚАЛСА

Барлықтарына белгілі, өрт зор шығын келтіреді, ал жиі адамның өміріне де қауіп тигізеді.

Өрттің басталуы үшін үш шарт сәйкес келуі тиіс: жанар - жағармай материалының бар болуы, жанудың ұсталуы үшін оттегінің қажетті мөлшері және жылыту көзінен отталдыруы.

Өрттің тууына ең жиі болатын себептері: адамның алаңғасары, электр қондырғылардың ақаулығы немесе қыздыру аспабтары, өздігінен жануы, найзағай, бір розеткадан көп электрожабдықтар жұмыс істейтін кезде және тағы басқалар. Бұл жағдайда алаңғасарлық тұспалданады: төсекте және тыйым салынған орындарда шылым тарту; пештің оталдыруы үшін жанармайдың пайдалануы; жаман желдетілетін немесе от бар жайларда жылдам буға айналатын заттармен киім тазалау; қараусыз кернеу қалдырылған құралдар; тым ыстық шыраққа жақын шамның қалпағы немесе қағаз; өрт қауіпті орындарда кез-келген оттың пайдалануы (шам, алау, бензин шамы), жылыту көздерінің жанында тез тұтанатын сұйықтықтарды құю, қатынаста өздігінен жанатын әр түрлі материалдарды жинау.

Үйдің ішінде өрт есік, терезе, шатыр, баспалдақ, газ және электр өткізгіштер арқылы тарайды. Бұл жақсы жанатын жиһаз, перде, кілемшелер мен киім сияқты заттардан басқа. Сондықтан барлықтарыңызға өрт кезіндегі тәртіп ережелерін білуіңіз қажет.

Егер өрт көп қабатты ғимаратты қамтыған болса бірақ сіздің пәтеріңізді тікелей қозғамаса баспалдақ бойынша жүгірудің қажеттілігі жоқ лифтты тіпті пайдаланбаңыз. Терезені жабу керек, бірақ терезе пердені төмендетпеңіз, сулы шүберектермен есіктердің астын тығындаңыз, электр қуатын өшіріңіз және газды жабыңыз. Шомылғыны және басқа да үлкен ыдыстарды сумен толтырыңыз, еден және есіктерге су құйыңыз, осылай олардың қызуы төмендейді.

Егер Сіз жоғарғы қабаттарда тұрсаңыз, өміріңіздің жалғыз құтқару жолы терезе болып шығуы мүмкін, секірудің биіктігін әлде қайда азайтқаныңыз жөн немесе маталарды бір-біріне түйіп немесе жүк машинасын жабуларына, машинаның төбесіне, гүлбақшаға, қалқаға секіру қажет.

Секіруден бұрын, құлауды жұмсарту үшін төмен жастық, кілем матрас тастау қажет.

Өртпен күресте, бірінші минуттардан оған жылдам реакция жасау әсіресе маңызды. Егер Сіз әрекет жасауға даяр болсаңыз сансыз ұсақ өрттер пайда болғаннан кейін жылдам өшірілген бола алады.

ӨРТКЕ ҚАРСЫ КЕСУ ЖӘНЕ ШЕГІНІС: НЕ ҮШІН ҚАЖЕТ ЖӘНЕ ТАЛАПТАРЫ

Қазіргі уақытта көптеген тұрғын үйлер пештермен және әртүрлі қазандықтармен жылытылады. Тиісінше, өрттің саны да көп, олардың себебі оларды пайдалану кезінде қауіпсіздік қағидалар ережелерін бұзу болады. Бұл не-пеш кезінде пештің, қазандықтың қабырғаларының ғана емес, сонымен қатар атмосфераға ыстық түтін газдарын шығаратын газ құбырының конструкцияларының сыртқы беттері қатты қызады.

Өртке қарсы кесу – бұл жанғыш, жануы қиын материалдардан жасалған объектілердің құрылыс конструкцияларымен тікелей жанасатын жерлерде, аймақтарда жылыту агрегаттары корпустарының-пештердің, каминдердің, қазандардың немесе түтін құбырларының, каналдардың қабырғаларының енін ұлғайту.

Өртке қарсы шегініс-бұл кеңістік, пеш агрегаттарының, жылыту жабдығының немесе түтін арналарының корпустары қабырғаларының сыртқы беттері арасындағы және жанбайтын, жануы қиын құрылыс материалдарынан қорғалмаған немесе тұрақты қыздырудан, тұтанудан қорғалған қашықтық.

Өртке қарсы бөліктердің, шегіністердің негізгі мақсаты - жылыту жабдығының ыстық беттерінің жанғыш, қиын жанғыш құрылыс құрылымдарымен тікелей әуе байланысы орындарында жану ошақтарының пайда болуын болдырмау.

Т.ЗЕЙНОЛДАНОВ,
Ақсу ауданының ТЖБ бас маманы, азаматтық қорғау майоры.

"АҚСУ ӨҢІРІ"
Меншік иесі - ЖШС "Ақсу өңірі" газеті"
Құрылтайшы, директор - бас редакторы
ҚАСЫМБЕКОВА ЛӘЗЗАТ ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму Министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті 2015 жылы 16 қараша айында есепке қойылды. Куәлік №15701-Г

Редакция алқасы:
Жауапты хатшы - Ербол СЫМХАНОВ

Газет бетінде жарияланған мақалалар авторының пікірі редакция көзқарасы болып табылмайды. Мақалалар өңделеді, авторға қайтарылмайды.
Жарнама, хабарландырулар, арнау, құттықтаулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет қазақ тілінде аптасына бір рет, жұма күні шығады.

БІЗДІҢ МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, №5 "В", аудандық әкімшілік үйінде

Тапсырыс 488
Осы шығарылымның таралымы 1927

Директор - бас редактор - 2-12-90,
жауапты хатшы - 2-12-90.

Электрондық пошта: aksuoniri@mail.ru
Газеттің ресми сайты aksuoniri.kz

Индекс: 65750
Офсеттік басылым көлемі 2б.т.

Газет Сарқан қаласы, Тәуелсіздік, 108, ЖШС - "Ербол - Али" баспаханасында басылады.